

...Біз әлемге және
болашақ ұрпаққа тәуелсіз
Қазақстан атты
жасампаздықтың ұлы
жемісін ұсына алдық. Сол
себепті бұл кезең біз үшін
Ұлы дәуір.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

4

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ
МАҢЫЗДЫ!»

24

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА



КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

БІР-БІРІМІЗГЕ ЖАНАШЫР БОЛАЙЫҚ, Қалыпты өмірге оралудың бірден-бір жолы – екпе алу!



Кеше «Almaty TV» телеарнасының тікелей эфирінде әр аптаның сәрсенбі күні өтетін дәстүрлі «Akimat LIVE» бағдарламасында Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев мегаполистегі күрделі эпидемиологиялық ахуалға тоқталып, денсаулықтарын сақтау үшін алматылықтарды вакцина алуға шақырды. Одан кейін жарты сағат бойы шаһар басшысы тұрғындардың сұрақтарына жауап берді, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді. Естеріңізге сала кетейік, Алматы өткен аптада қайтадан «қызыл аймаққа» кірген болатын.

2-3

АЛЬПИНИАДА

«НҰРСҰЛТАН ШЫҢЫНА» ШЫҚТЫ



Мереке қарсаңында «Спорттық Алматы» бағдарламасы аясында «Нұрсұлтан шыңы» альпиниадасы өтті. Альпинизмге қызығушылығы бар Алматы тұрғындары бұл жорығын Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Елорда күніне арнады.

(Жалғасы 6-бетте).

ҚЫСҚА-НҰСҚА

- «Ashyq» қосымшасы «қызыл» мәртебесімен жүрген 1,5 мың алматылықты анықтады
- Алматыда ХҚО-лар халықты тек алдын ала жасалған броньмен қабылдайды
- Алматылықтарға Нұр-Сұлтан қаласының қалыптасуы жайында деректі фильм көрсетілді
- Мегаполисте қыркүйек айынан бастап білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау басталады
- Милан-Алматы тікелей әуе рейсі ашылуы мүмкін



ХАЛЫҚТЫ БАҚЫТҚА БАСТАУ – саяси партиялардың жауапкершілігі

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев
Әлемдік саяси партиялар көшбасшыларының
саммитіне қатысты**

Қазақстанның Тұңғыш Президенті бейнеконференция режимінде Қытай Коммунистік партиясының 100 жылдығына арналған Әлемдік саяси партиялар көшбасшыларының саммитіне қатысты.

Нұрсұлтан Назарбаев Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпинге бұл саяси іс-шараға қатысуға шақырып, сөз бергені үшін ризашылық білдірді.

– Бүгінгі саммиттің «Халықты бақытқа бастау – саяси партиялардың жауапкершілігі» атты тақырыбы өте өзекті, ол мен басқаратын «Nur Otan» саяси партиясы жұмысының негізгі мәнін көрсетеді. Биыл менің елімнің Тәуелсіздігіне 30 жыл толады. Басты саяси күш ретінде біз алғашқы күннен бастап партияның негізгі басымдықтарын айқындап алдық: халық пен тұтас қоғамның әл-ауқатын арттыра алмаса – партияның жеңістері мен жетістіктерінің құндылығы болмас еді, – деді Елбасы.

Елбасы Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктеріне ерекше тоқталып, оған көбіне «Nur Otan» партиясына отандастарымыздың тарапынан көрсетілген сенім мен қолдаудың арқасында қол жеткенін атап өтті.

– Біз әлеуметтік бағдар ұстанған ел ретінде азаматтардың лайықты тұрмысы мен Қазақстанның жаңғыруын қамтамасыз ету жұмысын әрі қарай жалғастырамыз. Біздің мақсатымыз – 2050 жылы әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар, Елбасы Қытай тарапы бастамашы болған саяси бірлестіктер деңгейіндегі көпжақты диалогқа арналған жаңа тұғырнаманы дамыту туралы өз ойын ортаға салды.

– COVID-19 пандемиясы жаһандық сын-қатерлерді халықаралық әріптестік пен бір-бірімізді қолдау арқылы ғана тиімді еңсере алатынымызды тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл тұста саяси партиялар маңызды рөл атқара алады және атқаруы керек. Осы орайда халықаралық қатынастардың қазіргі моделі тең құқыққа, барлық тараптардың дәстүрлерін, құндылықтарын мен ерекшеліктерін құрметтеуге негізделуге тиіс екені анық, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

«Nur Otan» партиясының төрағасы қазір әлемнің барлық елдері арасында COVID-19-ға қарсы вакциналарды біркелкі және әділ тарату ісінде кооперациялық тәсілді пайдалану қажеттігін айтты.

Елбасы, сондай-ақ, саяси партиялардың жаһандық сын-қатерлерді барынша азайту және дамудағы теңсіздікті азайту бағытындағы жұмысының маңыздылығын атап өтті.

– Әлемде біздің аудиторияның үні әлдеқайда айқын әрі қаттырақ естілгені жөн. Атап айтқанда, саяси партиялар геосаяси шиеленісті еңсеруге үлес қосу үшін өзара ықпалдастықты арттыра түсуі керек деп санаймын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сөз соңында Елбасы «Nur Otan» партиясы мен Қытай Коммунистік партиясы Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестікті нығайтуға зор үлес қосып жатқанын айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Әріптесіміз «Ақпарат саласының үздігі» атанды

Бұқаралық ақпарат қызметкерлері күні мерекесіне орай отандық журналистиканың дамуына үлес қосқан бірқатар әріптесіміз ерекше төсбелгімен марапатталғаны белгілі. Олардың қатарында «Almaty akshamy» газетінің тілшісі, редакциямыздағы белді, қаламы жүйрік әріптесіміз Рая Ескендір де бар. Ол Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Рая қоғамда орын алып жатқан мәселелердің ашықтығын қамтамасыз етіп, өркениет көшінің ілгері басуына, елдің түйткілді жайттарын шешуге өз үлесін қосып келе жатқан белді журналистердің бірі. Әріптесімізге шалқар шабыт пен шығармашылық табыс тілейміз!

Марапат иесіне арнайы төсбелгіні «Alataу Aqparat» ЖШС Бас директоры Төлеміс Күлмұхамедов табыс етті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суретті түсірген Сағат СЕРІКЖАЙҰЛЫ.

(Басы 1-бетте)

ҚАЛАДАҒЫ ЖАҒДАЙ КҮРДЕЛІ

– Өздеріңіз де баспасөзден көріп-біліп отырғандай, қаладағы жағдай күрделі. Он күннің ішінде біз қайтадан «қызыл аймаққа» өтіп кеттік. Күнделікті көрсеткіш 300 науқасқа шығып тұр. Бұл «дельта» штамы бұрынғы британдық, бразилиялық штамдарға қарағанда өте жылдам жұғады. Мен клиникалық дәрігерлер мен мамандармен сөйлескенде, олар «дельта» штамы өкпені бірден 50 пайызға дейін зақымдап, қабындыратынын айтты. Күрделі, жағдайы ауыр науқастардың санының артуы да осыған байланысты. Дегенмен, алдын ала жасалған жұмыстардың нәтижесіне байланысты мамандар мен дәрі-дәрмек, төсек-орын тапшылығы бізде жоқ, – деді шаһар басшысы. Спикер пандемия басталғалы қалада 76 407 науқас тіркелсе, оның 94,3

дейін өссе; 14 жасқа дейінгі балалар 0,4% – 15,0% дейін; 15–19 жас аралығындағы жасөспірімдер 0,8% – 5,2% дейін және 40–59 жастағы азаматтар 1,5% – 24,7%.

АДАМДАР КӨП ШОҒЫРЛАНҒАН ЖЕРЛЕРГЕ БАРМАҒАН ЖӨН

– Қала тұрғындары балалар мен жасөспірімдердің жағдайына ерекше назар аударып, олардың адамдар көп шоғырланған жерлерге баруын шектеулері тиіс. Орта жастағы адамдар санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шараларын сақтауды күшейткендері жөн, – деді Б.Сағынтаев.

Жұмыспен қамту бойынша соңғы 14 күнде КВИ ауруы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында – 35%, әртүрлі ЖІШС жұмысшылары, жеке кәсіпкерлер, АҚ – 19%, зейнеткерлер – 17,4%, сондай-ақ мектеп оқушылары арасында – 10,3% басым және мектеп жасына дейінгі балалар – 7%,

қауіпсіздік шараларын қатаң сақтаулары тиіс екендіктерін атап өтті.

Хабарланғандай, ағымдағы жылдың 9 сәуірі мен 1 шілдесі аралығында «Ashyq» мобильді қосымшасының көмегімен QR-кодын сканерлеу нәтижелері бойынша 1449 тұрғынның «қызыл» мәртебесі расталды. Тағы 370 тұрғынның «сары» мәртебесі анықталды.

Айта кетерлігі, Алматының СЭБД мәліметтері бойынша, 28 маусым мен 1 шілде аралығында «Ashyq» жобасы бойынша жұмыс істейтін кәсіпкерлік нысандарына кіреберістегі сканерлеу нәтижесінде 28 тұрғынның «қызыл» мәртебесі, 9-ының «сары» мәртебесі расталды. Анықталғанындай, олар фитнес-орталықтарға, бассейндерге, кинотеатрларға, кафелер мен мейрамханаларға кіруге тырысқан.

Қалада «Ashyq» жобасына 2331 қатысушы бар. Айтпақшы, жобаға қатысу ережелерінің сақталуы тұрақты түрде бақыланады. Ағымдағы

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

БІР-БІРІМІЗГЕ Қалыпты өмірге оралудың



пайызы айығып шыққанын айтты.

Алматыдағы эпидемиологиялық ахуал ағымдағы жылдың 18 маусымында СЭБД мамандары тіркеген «дельта» штамының таралуына байланысты күрделене түсуде. Соған орай КВИ-дің мутацияланған штамдарын зерттеу жалғасуда. Ағымдағы жылдың 1 шілдесіндегі зерттеулер нәтижесінде КВИ науқастарынан алынған 88 сынамааның нұсқаларындағы 67 сынамада «дельта» (76%), 14-інде (16%) «альфа» (британдық), 2-еуінде неден пайда болғаны белгісіз, 3 нәтиже теріс (3,4%), 1-еуінде (1,1%) COVID-19 (уханьдық). Ағымдағы жылдың 3 шілдесінен бастап жүргізілген зерттеулер КВИ науқастарынан алынған 45 сынамааның нұсқалары мынаны көрсетті: 35-інде «дельта» (78%), 6-ауында (13%) «альфа» (британдық) және тек 1-еуінде (2,2%) COVID-19 (уханьдық) штамдары анықталды.

Бұдан өзге, мамандар КВИ-дің симптомды науқастарының үлес салмағының арта түскенін айтуда. Соңғы 7 күнде, алдыңғы 7 күннен салыстырғанда 1,5 есеге өсуде. Яғни «дельта» нұсқасының айналымы 46%-дан 73%-ға дейін жылдам болғандықтан, бұл КВИ-дің ауыр клиникалық көріністеріне апарады дейді мамандар.

Соңғы 2 аптадағы жас құрылымын талдау балалар мен жастарға «дельта» штамының тез жұғатынын көрсетті. Мәселен, 1 жасқа дейінгі науқас балалардың үлесі салмағы 0,7% – 2,8%

бұл жалпы жағдайлардың 89%-ын құрайды.

Қаладағы эпидемиологиялық ахуалға жүйрік оқырмандар мегаполис «жасыл аймаққа» өткен кезде ауруханадағы төсек-орындар саны айтарлықтай қысқартылғанын біледі. Бірақ қала басшысы сол төсек-орындар саны қайтадан 3700-ге көтерілгенін айтты.

– Төсек-орындар қазір артығымен дайын. Көпбейінді ауруханалардың ковидке қатысты бөлімдері қайта ашылып жатыр. Соған байланысты бүгінде төсек-орындардың 27,8 пайызы бос емес. 450 орын реанимациялық орын болса, оның 330-ы бос емес. Бүгінде мобильді АМСК топтарының және Телемедицина орталығының бақылауында 2306 науқас үйде жатыр, олардың 291-і симптомсыз, 1970-і жеңіл және 45-і орташа ауыр дәрежеде, – деді қала әкімі.

Одан бөлек, спикер КВИ-мен амбулаториялық ем алып жатқан қалалықтарды өзін оқшаулау ережесін сақтауға және адамдар көп шоғырланған жерлерге барудан аулақ болуға шақырды.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ҚАТАҢ САҚТАЛУЫ ТИІС

Қала әкімінің айтуынша, мұндай жауапсыздыққа жол беруге болмайды, өйткені, бұл қоғамдық денсаулыққа қауіп төндіреді. Адам симптомсыз ауруы мүмкін әрі ол вирустың тасымалдаушысы болып табылады. Б.Сағынтаев барлық қалалықтардың санитарлық-эпидемиологиялық

жылдың 1 мамырынан бастап жүргізілген рейдтер барысында мониторингтік топтар «Ashyq» жобасында жұмыс істейтін 125 кәсіпкерлік субъектілері бойынша шектеулі карантиндік талаптардың бұзылуын анықтады.

Өткен аптада КВИ дерті 1,7 есеге өскен, соңғы тәуліктерде КВИ-дің 299 жағдайы тіркелсе, тәуліктік өсім 0,3%-ды құрады.

7 шілдедегі жағдай бойынша қалада 76 407 жағдай тіркелді, оның 59 660-ы симптомды және 16 747-сі симптомсыз, анықталмаған пневмония – 2013. Алтыншы шілдеде коронавирусты жұқтырудың 299 жағдайы тіркелді, оның ішінде 259-ы симптомды, 40-ы симптомсыз. Тәуліктік өсім – 0,3%. Репродуктивтілік саны – 1,353.

Инфекциялық стационарларда 1131 адам (80 бала) емделуде, оның 33-і өте ауыр, 256-сы ауыр, 842-і орташа ауырлық дәрежесінде. Реанимация және интенсивті терапия бөлімдерінде барлығы 102 адам бар. ӨЖЖ аппаратында – 19, инвазивті емес ӨЖЖ – 34, High flow аппаратында – 22 науқас бар.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІН ОРЫНДАУҒА БАРЛЫҚ КҮШ ЖҰМЫЛДЫРЫЛУДА

Алматы қаласы әкімі тікелей эфирде тұрғындарды алаңдатқан сұрақтарға да жан-жақты, тыңғылықты жауап берді.



Түрксіб ауданына қарасты «Нұр-шашқан» ықшамауданындағы Бердіқожа көшесі жолдарына асфальт салынып, жол жұмыстары жүргізілмек. Бақытжан Сағынтаев Бердіқожа көшесі жекеменшікке тиесілі өріс екенін, көшеге жол салуға болмайтынын айтты. «Алайда, қазір жоспарлау жобасына өзгерістер енгізілді. Көше бойына жол салу үшін өрісті сатып алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жалпы, Жаңа Алматының кешенді жоспарлары аясында барлық қосылған аумақтар жұмыс істейді», – деді қала басшысы.

Инженерлік инфрақұрылым, жолдар, әлеуметтік инфрақұрылым бойынша қабылданған бағдарламалар аясында жұмыстар жасалып жатыр. Қала әкімі жол жөндеу мәселесінің талқыланып жатқанын мәлімдеді. Бұл жұмыстар біраз уақытты талап етеді. Тұрғындардың өтініштерін орындауға барлық күш жұмылдырылуда, аумақтарға су, электр, кәріз жүйелері жүргізілуде, балабақшалар, мектептер, емханалар тұрғызылып жатыр. Бақытжан Сағынтаев бұл оңай жұмыс емес екенін ескертті.

аз бөлігін қамтиды. Алдыңғы жылы пандемияға байланысты салық төлейтін жағдайлары жоқ екенін, жаңа автобустар алуға қаржылары жетпейтінін айтқан. Алайда, қазір осы мәселелер бойынша жұмыстар қолға алынып, жаңа автобустарды сатып алу қарастырылуда. Қазірдің өзінде «АлматыЭлектрТранс» арқылы 150 автобус сатып алуға тапсырыс берілген. Жылдың соңына дейін тағы да 150 автобусқа тапсырыс береміз. Сонда әкімдік 300 автобус сатып алады. Бұл 50 пайызы десек, ендігі 50 пайызын жекеменшік компаниялар сатып алуы керек».

ТҰРҒЫНДАР ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ МЕН ТҮСІНІСТІК КЕРЕК

СҰРАҚ: Қоғамдық көлікпен жүруге қорқамын. Себебі, жолаушылардың тең жартысы бетперде тақпайды. Мүмкін жолаушыларды бақылау үшін автобус жүргізушісіне қосымша ақы төлеу керек шығар? Бұл мәселені шешу үшін талапты күшейту қажеттігі туып тұр.

ЖАУАП: – Былтырдан бері рейдтер тоқтаусыз жасалып, бетпердесіз жолау-

шыларды автобустан түсуін талап еткені бәріне мәлім. Мұндай шараларға жолаушылар ашуланып, ескертуге қарсы шығып жатты. Ал автобус жүргізушісіне қосымша ақы төлеу қаншалықты мәселенің шешілуіне әсер ететінін ойлау керек. Бірақ әрбір адам өзіне жауапкершілік алмаса, тәртіпке бағынбайтындар сол күйі бетпердесіз жүре береді. Сондықтан мұндағы басты мәселе – әрбір азаматтың саналы түрде әрекет етіп, өзіне жауап бере алуы. Өйткені, талаптың қатаңдығы да көп нәтиже бермейді. Мысалы, былтыр бетпердесіз жүргендерге айыппұл саламыз деп тәртіпті күшейтпекші болғанда, тұрғындар наразылық танытқан. Билік тарапынан көптеген мүмкіншіліктер жасалып жатыр. Науқас санының көп болмауы, төсек-орындар жеткілікті, дәрі-дәрмек тапшылығы жоқ, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Біз шектеу шараларын қанша күшейтсек те, тұрғындар тарапынан қолдау мен түсінік керек. Кез келген азаматтың қоғам алдында жауапкершілігі бар. Өзіңізді ғана емес, өзгені де ойлаған дұрыс. Басқалардың ауру жұқтыруына себепші болмаған абзал.

АЛМАТЫНЫҢ ШЕТКІ ШАҒЫНАУДАНДАРЫНДА ЖОЛДАРДЫ САЛУ МЕН ЖӨНДЕУ – ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА

СҰРАҚ: – Мен Медеу ауданының Тайров көшесінде тұрамын. Тайров, Сырымбет, Лисаковск көшелерінің беткейін нығайту жұмыстары мәселесімен хабарласып тұрмын. Аудан әкіміне байланысу мүмкін болмады. 2017 жылдан бері қалпына келтіруге сөз бергенімен, жөндеу жұмыстары әлі жүргізілмеді.

СҰРАҚ: – Мен «Тастыбұлақ» ықшамауданының тұрғынымын. Былтыр біздің ауданда су жүргізіліп, кәріз жүйесі жөнделеді деп еді. Қазіргі не жол дұрыс емес, су да жоқ, интернет те жоқ. Осы орайда қандай жұмыстар жасалып жатыр? Әлде, біздің ақпарат сізге дұрыс жетпей жатыр ма?

ЖАУАП: – Дұрыс ақпарат жеткізілмейді деуге келіспеймін. Өйткені, «Тастыбұлақ» ықшамауданына мен өзім арнайы барып, тұрғындарымен жиі кездесіп тұрамын. Яғни «Тастыбұлақ» біздің күн-

делікті бақылауымызда тұр. Алматының шеткі шағынаудандарында жолдарды салу мен жөндеу – ерекше бақылауда деп айта аламын. Айта кету керек, ағымдағы жылы 100 шақырымнан асатын жаңа жолдарды салу жоспарланған. Белгілісі, көптеген жылдар бойы инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымсыз қалған Алматы облысының елдімекендердің қосылуына байланысты қала аумағы бірнеше рет ұлғайды. Жолдарды, сумен жабдықтау және судан бұру желілерін, балабақшаларды, мектептер мен емханаларды салуға барлық күш жұмылдырылды.

2021 жылы Алатау, Түрксіб және Наурызбай аудандарындағы сегіз шағын ауданында жаңа жолдар салу жоспарлануда. Бұлар – «Өжет», «Шаңырақ-5», «Самғау», «Нұршашқан», «Құрамыс», «Әлмерек», «Қайрат», «Алғабас» шағынаудандары. Осы шағынаудандардағы 415 көшеде ұзындығы 108 шақырым жаңа жолдар салынып болады. Сонымен бірге, «Думан» шағынауданындағы ұзындығы 30,5 шақырым болатын 53 көшеде жолдарды күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Оның ішінде ұзындығы 5,6 шақырым болатын 11 көшеде жұмыс аяқталды. Қалған 42 көшені аяқтау ағымдағы жылдың қыркүйегіне дейін жоспарланған.

Бұдан өзге, ұзындығы 227,5 шақырым болатын 225 көшеде жол жабынын жөндеу жоспарлануда. Қазіргі кезде 66 көшеде, оның ішінде 12 магистральды және 54 жергілікті маңызы бар көшелерде жұмыстар жүріп жатыр.

Ал интернет мәселесі осыған дейін де көтерілген болатын. Интернет орнату үшін тұрғындар өзара келісу керек. Төлем құнын қымбатсынып, бас тартқан тұрғындар да болған. Жеке инвестордың қаржысының есебінен болғандықтан тегін интернет деген болмайтынын да ескеру керек. Оған келіспейтін болса, мобильді интернетті қолдануға тура келеді.

Бір сағатқа созылған эфир барысында қала әкімі Бақытжан Сағынтаев мегаполис тұрғындарын мазалаған көптеген сауалдарға жауап берді. Шаһар басшысы алматылықтарды денсаулықтарына немқұрайлы қарамауға, бетперде киіп, әлеуметтік қашықтықты сақтап, қол тазалығын мұқият қадағалап, пандемия кезінде бір-бірімізге жанашыр болуға үндеп, барша тұрғындарды індетті жеңудің бірден-бір жолы – екпе алуға шақырды.

Дайындағандар
Әсел ДАҒЖАН,
Айым НҰРМАН,
Айжан БҮРКІТБАЕВА.

ЖАНАШЫР БОЛАЙЫҚ бірден-бір жолы – екпе алу!



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Онлайн жиында хабарласқан тұрғындардың мәселесі бойынша Түрксіб, Алатау аудандарының әкімдері тікелей эфирге қосылып, сұрақтарға жауап берді.

Тұрғындар, сондай-ақ, қоғамдық көліктердегі салқындатқыштың жұмыс істемеуіне, интервалдарының ұзақтығына наразылықтарын білдірді. Бақытжан Сағынтаев бұл мәселе бойынша «АлматыЭлектрТранс» басшысы Талғат Әбдірахмановқа ескерту жасады. «АлматыЭлектрТранс» басшысы аталмыш мәселе бойынша жұмыс істейтінін жеткізді:

«Қазіргі таңда 2441 автобустың 1198-інде кондиционер бар. 1243 автобуста кондиционер орналастырылмаған. Олар 2017–2019 жылдары алынған ескі автобустар. Ал салқындатқышы бар автобустардың 62-сінің кондиционері бұзылған. 10 күн ішінде Қытай мен Ресейден құрал-саймандары келу керек. 10 күн уақыт ішінде кондиционері бұзылған автобустарды іске қосамыз деп жоспарлап отырмыз. Қазіргі таңда 77 нөмірлі автобустардың 14-і қатынауда. Интервалдары 21 минутты құрайды. Оны қысқарту бойынша жұмыс істейтін боламыз», – деді Талғат Әбдірахманов.

ЖАҢА АВТОБУСТАРДЫ САТЫП АЛУ ҚАРАСТЫРЫЛУДА

Бақытжан Сағынтаев автобус мәселесі бойынша қалада 1000 автобус жеткіліксіз екенін айтты: «Субсидия бойынша автобустардың 50 пайызын жекеменшік компаниялар қамтиды. 50 пайызын «АлматыЭлектрТранс» қамтып отыр. Әкімдік қоғамдық көлік шығындарының көп бөлігін игерсе, жекеменшік компаниялар

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда
«Ashyq» жобасына
2331
қатысушы тіркелген



«Думан» шағынауданында
ұзындығы

30,5 шақырым
болатын 53 көшеде
жолдарды күрделі жөндеу
жұмыстары жүріп жатыр



Алматының шеткі
шағынаудандарында
биыл

100 шм.-нан
асатын жаңа жолдарды
салу жоспарланған



Қалада жасыл желектерді
суарумен

20-дан астам
мердігерлік ұйым
айналысады



Мегаполистері

2441
автобустың
1198-інде
желдеткіш бар



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кеше ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Мұрат Ахметовтың төрағалығымен және қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаровтың қатысуымен білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алуды күшейту мәселелері бойынша ЖОО ректорларымен кездесу өтті.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы қаласы департаменті баспасөз қызметі хабарлағандай, іс-шара барысында жоғары оқу орындарының қызметіне қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, мемлекеттік сатып алуларға талдау жүргізу, Алматы ЖОО жүйесіне комплаенс қызметін енгізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тетіктері мен қорытындылары қаралды.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров әкімдік сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен және «Адалдық алаңы» офисімен бірлесіп, негізгі бағыттар бойынша жұмыс жүргізгенін атап өтті. Бұл – тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою және азаматтар үшін қолайлы жағдай жасау; қоғамдық бақылауды жүзеге асыру; сыбайлас



жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Білім беру саласында мектептерде ақша жинау мен интернет буллингке жол бермеу шаралары ерекше бақылауға алынды.

«Адал көмек» жобасы аясында жыл басынан бері мегаполис тұрғындарына құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру мақсатында 300-ден астам кеңес берілді. Медеу ауданы әкімдігінің сервис орталығында қосымша «Адал көмек» орталығы ашылды.

Сонымен қатар, Алматы қаласының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі жоғары оқу орындарының құрылымдық қайта құрылуына және коммерциялық емес акционерлік қоғамға көшуіне

байланысты мемлекеттік мүлікке түгендеу жүргізуді ұсынды.

Кездесу барысында «Sanaly uraq» республикалық жобалық кеңсесінің жетекшісі Қайыржан Тоқышевтің 2020 жылдың қазан айынан бастап білім беру саласында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Sanaly uraq» жобасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарды орындау жөніндегі ақпараты тыңдалды.

ЖОО басшылары өз кезегінде ойпікірлерін ортаға салып, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша жаңа тәсілдерді қолдайтындарын жеткізді.

ШАҒАРДА КВИ ДЕРТІ ЕКІ ЕСЕГЕ ӨСТІ Мамандар жаппай екпе алуға шақырады



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Алматының СЭБД-нің деректері бойынша өткен аптада КВИ дерті 1,7 есеге өсті. Соңғы тәулікте 299 КВИ жағдайы тіркелді. Тәуліктік өсім – 0,3 пайызды құрайды.

7 шілдедегі жағдай бойынша қалада коронавирустық инфекцияның 76407 жағдайы тіркелді. Оның 59660-ы симптомды және 16747-сі симптомсыз, анықталмаған пневмония – 2013. 6 шілдеде коронавирус инфекциясының 299 жағдайы тіркелді, оның 259-ы

симптомды, 40-ы симптомсыз. Тәуліктік өсім – 0,3 пайыз. Репродуктивті саны – 1,353.

Инфекциялық стационарларда 1131 адам (80 бала) емделуде, оның 33-інің жағдайы өте ауыр, 256-сы ауыр, 842-сі орташа ауырлық дәрежесінде. Реанимация мен интенсивті терапия бөлімдерінде 102 наукас жатыр. ӨЖЖ аппаратында – 19, инвазивті емес ӨЖЖ аппаратында – 34, High flow аппаратындағылар – 22.

Бүгінгі күні АМСК мен Телемедицина орталығының мобильді топтарының бақылауымен 2306 наукас үйде жатыр, олардың 291-і симптомсыз, 1970-і жағдайы жеңіл және 45-і орташа ауырлық дәрежесінде.

Шағардағы 7 шілдедегі жағдай бойынша екпені 534 199 адам алды, оның ішінде 5240 полиция қызметкері, 29 501 мұғалім, 34 229 дәрігер. Екпе алғандардың ішінде 60 жастан аскандар 87134 адамды құрайды (16,3 пайыз). Қаланың СЭБД егде жастағы азаматтарды белсенді түрде екпе алуға шақырады, өйткені вакцина созылмалы ауруы бар науқастардың инфекция жұқтыруының алдын алады.

Бүгінгі таңда қалада медициналық ұйымдарда, мектептерде, мәдени-спорттық мекемелерде, базарларда және қаланың СОСО-да 212 екпе пункттері жұмыс жасауда. Онда құрамында 1260 адам бар 308 екпе бригадасы жұмылдырылған.



#QAZAQSTAN30

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН ҮШІН МАҢЫЗЫ...



Әсем СЕРІКҚЫЗЫ,
Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актрисасы:

– Тәуелсіздік – біздің ең үлкен байлығымыз. Ата-бабаларымыздың сан жылдар аңсаған арман, мақсаты. Мен үшін тәуелсіздік өз жерімде еркін өмір сүру, өз тілімде сөйлеу, болашаққа қорықпай қарау. Мен үшін тәуелсіздіктің жемісі: сонау 1991 жылы қазақ сыныптары болмаған кезде, Еңбекшіқазақ ауданы, Түрген ауылында алғаш қазақ сыныбын ашқан түлектердің қатарында болуым. Алғаш қазақ мектебі ашылып, сол мектептің биыл 20 жылдық мерейтойын өткізу. Жоғары оқу орнына түсу, мемлекеттік қызметте қызмет атқару. Өз отбасымды құрып, үй салу. Егемендіктің арқасында өз ана тілімде білім алып, әлем халықтарының алдында еңсемді тіктеп ұстай алатындығым.

Еліміз спортшыларының жеңісін көріп, әріптестерімнің Халықаралық фестивальдардағы жетістіктеріне, Грэмми алып жатқан музыканттарымызға қуану деп санаймын. Тәуелсіздік бізге берілген аманат. Аманатқа қиянат жасамай, ұрпағымызға жеткізу әрбір азаматтың парызы деп түсінемін. Соны балаларыма, болашақ ұрпақтарыма үйретуді парыз санаймын.



Нұрсұлтан
ЕРБОЛАТУЛЫ,
эл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің 3-курс
студенті:

– Мен тәуелсіздікті қалай түсінемін? Тәуелсіздік менің ойымша, екі түрлі болады, олар мыналар: рухани тәуелсіздік және еліміздің егемендік алуы. Аталарымыз бізге табыс еткен егемендікті көтере алуымыз үшін біз дәл сол кісілер сияқты қайсар рухты болуымыз қажет. Қазіргі уақытта қазақ жастары білім мен ғылым жолында талмай талаптанып, әлемдік додаларда бақ сынасып, Көк Туымызды көкте желбіретіп жүрген жайы бар. Тәуелсіздіктің арқасында бүгінгі күні еліміздің ең беделді ЖОО-на мемлекеттік грантты жеңіп алып, аңсаған асыл арманыма қол жеткіздім. Қазіргі уақытта шағын робот тәріздес бұйымдар жасап, өзімді дамытып жүрмін. Алдағы уақытта елімізде кенжелеп келе жатқан робототехниканы әлемді тамсандырар деңгейде дамытуға бар күш-жігерімді саламын.



Қуаныш АЛТЫБАЕВ,
«Алатау» дәстүрлі өнер
театрының әншісі:

– Мен үшін Тәуелсіздік – ұлттық өнердің әлемдік сахналарда дамуы. Ұлт болып қалыптасуымызда қазақ халқын ұлықтайтын оның өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы. Ел болып егемендікті алған уақыттан бастап қазақ жастарының әлемдік жарыстарда бой көрсетуі қасиетті қара домбырамыздың өркендеп өсуіне септігін тигізуде. Рухани мәдениетімізді осы күнге дейін жеткізген қасиет егемендігіміз деп санаймын. Ұлтаралық бейбітшілік пен келісім – біздің ортақ жетістігіміз және көп жағдайда елдегі қоғамдық өмір мен оның жаңа тарихының барысын анықтайтын ұлы құндылық. Азаматтық бейбітшіліктің қазақстандық үлгісінің халықаралық деңгейде мойындалуы да тегін емес. Қазір біздің елімізде 140 ұлт пен 17 конфессия өкілдері бейбіт өмір сүріп жатыр. Бәріміз бірге – біртұтас халықпыз, біздің әрқайсысымыз – оның бір-бір бөлшегіміз. Қазақстандық бірегейлік пен қазақстандық патриотизм, азаматтардың этностық сипатына қарамастан заң алдындағы теңдігі біздің тәуелсіздігіміздің арқасы деп санаймын.



Никита БАЖЕНОВ, «Алматы»
хоккей командасының
қақпашысы:

– Жанкүйерсіз ойын алаңы қызықсыз. Біз үшін жанкүйер белгілі бір ынталандыру. Өткен жылы барлық жаттығу залдарының жабылғаны есімде. Біз саябақтарда жаттықтық. Спортсыз өмірімізді елестету қиын болды. Біраз уақыт алаңдарға шыға алмадық. Тек үйіміздің айналасында ғана жаттығулар жасадық. Еш жерге бара алмадық, ауырмауға, вирусты жұқтырмауға тырыстық. Кейіннен елдегі жағдайлар оңалып, жаттығулар мен жарыстар өткізуге рұқсат берілді. Бірақ жанкүйерлермен бірге өткізуге келісім берілмеді. Себебі, көп адамның басы қосылып, індет өршіп кетуі мүмкін екендігі айтылды. Елімізде сәуір айынан бастап барша халыққа жаппай вакцина егілу басталды. Тегін әрі сапалы екпені ектіруге бел байладым. Қазіргі таңда вакцинаньың екінші дозасын алдым. Менің ойымша, вакцина бұрынғы өмірімізді қалпына келтіріп, ата-анамыздың, жақындарымыздың денсаулығына зиян келтірмейтін бірден-бір құрал.



Фарица АЛДОНҒАРОВА,
таэквандодан халықаралық
дәрежедегі спорт шебері, Азия
ойындарының қола жүлдегері:

– Екпенің екі дозасын алғалы өзімді жақсы сезінемін. Жақындарымның арасында шамалы қызуы көтеріліп, артынша бәрі жақсы болғандар бар. Қазіргі таңда екпеден кейін жаттығулар кесте бойынша жүріп жатыр. Мен вакцинаны өзімді және жақындарымды қорғау үшін алдым, сондай-ақ жарыстарға қатысу үшін. Бүгінгі күні әлем елдеріне көзімізді тіксек, екпені жастарға, егде адамдарға ектіру міндеттелген. Сондықтан екпеге деген көзқарасымызды жақсартып, әлеуметтік желілерден тараған жалған ақпараттарға сенбеуіміз қажет. Бұрынғыдай қалыпты өмірімізге оралып, қаумалаған халықпен той-домалақ өткізгіміз келсе, екпенің екі бірдей дозасын алайық. Денсаулығымызды сақтап, өзгелерге зиянымызды тигізбеуге тырысайық.

Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

Әзірлеген
Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.



ЕЛІМІЗДІҢ АСТАНАСЫ – ҰЛЫ ДАЛА ЖҮРЕГІ

Елорда күніне орай Алматыда еліміздің көрнекті ғалымдары, қоғам қайраткерлері жастармен кездесіп, ел астанасы жайлы ойларымен бөлісті. Алматыдағы Қазақ-Британ техникалық университетінде өткен «дөңгелек үстелде» бас қосқан белгілі тұлғалар кезінде Алатау бөктеріндегі қаланы Арқа төсіне көшіру туралы шешімді қолдап, дауыс берген еді. Зиялы қауым өкілдері мен қоғам қайраткерлері сол бір тарихи кезең туралы естеліктерін айтты. Онлайн форматта өткен диалог барысында алматылық жастар ұйымдарының өкілдері мен белсенділері ел астанасы Нұр-Сұлтан қаласының тарихы және алматылықтардың оның дамуына қосқан үлесі туралы терең мағлұмат алды.

Амангелді ШАБДАРБАЕВ,
мемлекет қайраткері:

30 жылдың ішінде танымастай өзгерді

Президент Нұрсұлтан Назарбаев астананың көшірілетінін жариялаған кезде мен қасында болдым. Бұл шешімнің сәтті болатынына сенбедім. Бастапқы кезде бұл жерде жел соғып, маса көп еді. 30 жылдың ішінде бұл қала танымастай өзгерді. Елбасының тағы бір шешімі – өз валютамызды жасау. Тәуелсіздік алғаннан кейін барлық ТМД елдері рубль аймағында болды. Біз одан шыққымыз келмеді. Өйткені, бұл бізге қолайлы әрі тұрақты болды. ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сол кездегі жаңа валюта – теңгені айналымға енгізді. Сол жылдары біз көптеген тарихи сәттерге куә болдық. Біз 90-шы жылдардан бастап үлкен жолды жүріп өттік. Енді сол жетістіктерімізді мақтан ете аламыз. Баршаңызды Астана күнімен құттықтаймын!



Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу
университетінің ректоры:

Ұрпағымызға қалатын баға жетпес байлық

Ел астанасын Нұр-Сұлтан қаласына көшірілгеніне көп уақыт өтті. Қазір бұл қаланың республикамыздың жүрегі екенін бәрі біледі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев күрделі шешім қабылдаған кезде оған көпшілік күмәнмен қарады. Оның арқасында керемет қала бой көтергеніне бәріміз куәміз. Нұр-Сұлтан – бүкіл елдің саяси экономикасы, рухани дамуы мен қаржылық қуаты шоғырланған Еуразиядағы жалғыз қала. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде астананы

тұрғызу – біздің жетістігіміз. Нұр-Сұлтан біздің Тәуелсіздігіміздің символы, халқымыздың абыройы, ұрпақтарымызға қалатын баға жетпес қазына. Елбасы сол кезде Ақмолаға көшірілгенде барлық шенеуніктер оны қолдады. Олардың арасында еліміздің дамуына үлес қосқан көптеген достарым бар. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында республиканың барлық ұлттары мен халықтары бірігіп, Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихының негізін қалады.

Ақан БИЖАНОВ,
Алматы қалалық Ардагерлер
кеңесінің төрағасы:

Үлкен ғылыми-мәдени орталық

ҚР Тұңғыш Президенті Нұр-Сұлтан Назарбаевтың айтуынша, «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі». Көптеген тарихи шешімдер дәл осы жерде қабылданды. 6 шілдедегі атаулы күн есімде. Біз жоғарғы Кеңес депутаттары жазғы сессияның қорытынды отырысына келдік. ҚР Президенті өз сөзінде геосаясат, экономика, сондай-ақ басқа да аспектілер тұрғысынан астананы Ақмолаға көшіруге шешім қабылдады. Бұл бәріміз үшін жаңалық болды. Сол кездегі депутаттық корпус көпшілікпен бірге осы шешімді қабылдады. Уақыт өте келе бұл шешімнің дұрыс екенін көрсетті. Бүгінде Нұр-Сұлтан – үлкен ғылыми-мәдени орталық әрі біздің мақтанышымыз. Астанамыз әлемнің көптеген астаналары арасында сәулеті, атмосферасы жағынан ерекше. Мен осы оқиғаның куәгері ретінде баршаңызды Астана күнімен құттықтағым келеді.



Рахман АЛШАНОВ,
Алматыдағы Қоғамдық кеңестің
төрағасы, академик, профессор,
«Тұран» университетінің
ректоры:

Барша халықтың жетістігі

Қазақстанды бүкіл әлем біледі. Біз мақтан тұтатын нәрсе бар, жастар тарихты білуі керек. Астананың жанында археологтар ежелгі шағын Бозақ қаласын қазып жатыр. Сол жылдан бері бүгінгі Астанаға дейін халқымыз үлкен серпіліс жасады. Тәуелсіз мемлекеттің жаңа астанасының құрылысы барлық қазақстандықтар үшін сын-тегеурінге айналды. Астана Қазақстанның дамыған елдерінің қатарына қосылуының жарқын материалдық мысалы. Біз мұны бірге жасай аламыз. Нұр-Сұлтан барша халқымыздың жетістігі. Алматылықтар жаңа астанаға алғашқылардың бірі болып келіп, оның қалыптасуына өз үлесін қосқанын атап өту қажет. Сәулетшілер мен құрылысшылар, мұғалімдер мен дәрігерлер оның дамуы үшін игілікті шаруа жасауға тырысты. Алматы – бюджеті жағынан республикадағы ең ірі қала. Нұр-Сұлтан да қазынаны толтыруға өз үлесін қосуда. Қаланың болашағы зор, ол бізді ұлы жетістіктерге, ұлы ерліктерге жетелейді деп сенемін.



Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
ақын:

Ақын мен жазушыларды өзінің шығармашылық келбетімен шабыттандырады

Нұр-Сұлтан қаласы – мемлекетіміздің жүрегі, экономикалық дамудың тірегі, еліміздің мәдени келбеті. Бұрын Ақмола, кейін Астана, ал бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы ретінде танымал. Біз қаланың қалай дамып, ғимараттардың бой көтеріп, көшелердің абаттандырылуына куә болдық. Астанада сәні мен салтанаты жарасқан түрлі сәулет құрылыстарын, атап айтқанда, Пирамида, Хан Шатыр мен басқаларын көруге болады. Мұнда Батыс пен Шығыстың стилі араласып, Астананы ерекше сәулет нысанына айналдырды. Жазушылар одағының Нұр-Сұлтандағы филиалының ғимараты да өзінің ерекшелігімен танымал. Барлық форумдар бас қалада өтеді. Астанадағы барлық танымал жазушыларға ескерткіштер қойылып, аллеялар мен алаңдар ашылды. Астана ақындар мен жазушыларды жаңа туындыларға шабыттандырады.

Бронислав ШИН,
«Алматыинжстрой»
АҚ бас директоры:

Астананың алғашқы құрылысшыларының қатарында болғанымды мақтан тұтамын

Шынында, бүгін керемет мереке. Мен Астанаға 1998 жылы алғаш келгендердің қатарында болғанымды мақтан тұтамын. Қазақстанның Көк Туы желбіреген жер. Бұл астана жарияланғаннан кейінгі алғашқы нысан. Келесі жылы ақпаннан маусымға дейінгі аралықта жағалауды салдық. Алматылық құрылысшылардың еңбегі лайықты бағаланды. Мені Отанымыздың астанасын қалыптастыруға қосқан үлесім үшін Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаев алғашқылардың бірі болып марапаттады.



Роза РЫМБАЕВА,
Қазақстанның Халық әртісі:

Тәуелсіз Қазақстанның символы

Біз жыл сайын еліміздің жетістігін атап өтеміз. Нұр-Сұлтан жаңа Тәуелсіз Қазақстанның символына айналды. Сондықтан барлығымыз мемлекетіміздің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Өсіресе, шығармашылықпен айналысатын адамдар, сахнада өнер көрсете отырып, халыққа ортақ жеңістерімізді жеткізуіміз керек.

Әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР,
Айнұр СЕНБАЕВА.

Үйде отырмай, үйірмеге бар

Елорда күніне орай «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубының тағы бір орталығы ашылып, алматылықтарды қуантты



Айым
НҮРМАН

Мереке қарсаңында Медеу ауданы «Думан» шағынауданында жаңа әлеуметтік клубтың ашылу салтанаты өтті.

Мұнда тақырыптық кештер, шеберлік сыныптары, қызықты адамдармен кездесулер, дәрістер, ашық аспан астында спорттық сабақтар, шағынаудан тұрғындары үшін экскурсиялар өткізілді. Әлеуметтік клубқа балалар қатыса алады, ал оларға зейнет жасындағы адамдар сабақ береді. Әлеуметтік клубтың ашылуы карантиндік шектеу шараларына байланысты онлайн форматта қатысушылардың ең аз санымен өтті. Бұл жоба аз қамтылған отбасылардан шыққан бастауыш мектеп жасындағы балаларға өмірлік тәжірибені, білім мен дағдыларды берудің үйлесімді процесін қалыптастыру арқылы аға буын өкілдері мен мүмкіндігі шектеулі адамдарды қоғамдық өмірге тартуды мақсат етеді. «Шыңға Өрлеу» әлеуметтік клубына көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары тегін бара алады. Жоба 1–4-сынып оқушыларының тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасап қана қоймай,



сонымен қатар өскелең және аға буын арасындағы сабақтастық принциптерін қалыптастыра отырып, тұрмысы төмен әрі көпбалалы отбасыларға қолдау көрсетеді.

«Бұл ауданда көпбалалы отбасылар және балалары өсіп келе жатқан жас отбасылар көп. «Шыңға өрлеудің» арқасында балалардың дамуына, олардың

тәрбиесіне көңіл бөлінеді. Демалыста және сабақ уақытынан тыс олар музыкамен айналыса алады, үйірмелерге қатысып, тәжірибесі бар аға буыннан білім алады. Өз кезегінде аға буын үшін бұл орталық жұмысын жалғастыруға мүмкіндік береді. Зейнеткерлер сабақ жүргізеді», – дейді көпбалалы ана Бибіпұр Ширалиева.



Ал жоба авторы Раиса Мұсабекқызының айтуынша, аталмыш клуб балалардың да, егде жастағы адамдардың да дамуына зор үлесін тигізіп келеді.

– Жалпы, «Шыңға Өрлеу» – Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша жүзеге асырылған жоба. 2020 жылы қолға алып, алғашқы 5 орталық өз жұмысын бастаған болатын. Кейіннен халыққа пайдасы тиіп жатқанына көзіміз жетіп, тұрғындардың сұранысымен барлық ауданнан ашылды. Осы бастаманың арқасында әрбір алматылық тұрғылықты жеріне қарамастан тең өмір сүру стандарттарына ие болуға мүмкіндігі бар. Әрбір ата-ана баласының жан-жақты дамытып, қабілетін шыңдағысы келеді. Бірақ ақылы үйірмелерге апаруға мүмкіндіктері бола бермейтін отбасылар бар. Бүгінгі күні 1260 баланы тегін қабылдап отырған аталмыш клуб халық игілігі үшін жұмыс жасап тұр, – дейді Р.Мұсабекқызы.



НҰРСҰЛТАН ШЫҢҒЫНА ШЫҚТЫ



Айым
НҰРМАН

(Басы 1-бетте)

Нұрсұлтан шыңына шығуға 16 жастан бастап ниет білдіргендерге рұқсат етілді. Қатысушылар Медеу мұз айдынынан сағат 5-те бастады.

«Спорттық Алматының» тәжірибелі альпинистері Шымбұлаққа дейін барып (2380 м.), одан кейін Талғар асуына (3200 м.) өтті. Богданович мұздығына дейін (3600 м.) көтеріліп, Комсомол асуын (4000 м.) бағындырады да, Нұрсұлтан шыңында (4376 м.) мәреге жетті. Альпинистердің айтуынша, Нұрсұлтан шыңы қаланың кез келген жерінен көрінеді. Мәншүк Мәметова асуы арқылы Нұрсұлтан шыңына шығу мүмкіндігі де бар.

«Қалалық «Спорттық Алматы» бағдарламасы аясында альпиниаданы бірінші жыл өткізіп отырған жоқпыз. Ша-

раға қатысуға ниет білдірушілер қатары жыл сайын көбейіп келеді. Кейбіреулер отбасымен бірге қатысады. Қатысушылар арасында жастар мен зейнеткерлер көп. Карантин шараларына байланысты биыл Нұрсұлтан шыңына тәжірибесі бар 100 адам ғана шықты. Біз қатысушыларды Комсомол шыңында арнайы жабдықпен қамтамасыз етеміз. Шымбұлақта концерттік бағдарлама мен ұтыс ойындарын ұйымдастырдық. Ең бастысы, дән риза қатысушылар белсенділік таныта білді. Қала әкімдігі мен Спорт басқармасына қолдау көрсеткендері үшін алғыс айтамыз», – деді «Спорттық Алматы» жобасының жетекшісі Ержан Мұханов.

Шыңға шығуға қатысқан Валентина есімді алматылық мұздықтан өткен кездегі әсері туралы айтып берді.

– Мен Альпиниадаға бірінші рет қатыстым. Бұл – бәріміз үшін ортақ мереке. Біз тауға шығуды таңғы алтыда бастадық та, Богданович мұздығына дейін

жеттік (3600 м.). Ұйымдастырушыларға үлкен рахмет айтамыз. Әсем табиғат, таза ауа көңіл күйімізді керемет көтерді. Осындай қызықты іс-шараларға көбірек қатысымыз келеді, – дейді альпиниада қатысушысы Валентина Дмитриевна.

Болатбек Бейсенов те:

– Бүгін Альпиниадаға таңғы бесте Нұрсұлтан шыңына шығу үшін келдім. Жасым 55-те. Денсаулығым жақсы. Тауға көтерілу өзіне деген сенімділікті күшейтеді. Тіпті, менен де жасы үлкен қатысушылар болды. Өртүрлі жастағы адамдармен бірге альпиниадаға қатысудың өзі қызықты, – деп өз әсерімен бөлісті.

Айта кетсек, «Шымбұлақ – Нұрсұлтан шыңы» альпиниадасы жыл сайын Алматы тұрғындары арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Биыл бұл іс-шара ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл – елдің жетістіктерін бағалауға болатын ерекше күн.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ



«АЛАТАҰ АҚПАРАТ» ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Елорда күніне орай тау шыңын бағындырды

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Елорда күні, «Вечерний Almaty» газетінің 85 жылдық мерейтойы және «Almaty aqshamy» газетінің 1 шілде күнгі туған күніне орай «Alatau Aqparat» ЖШС-нің қызметкерлері Бакыт Ойса мен Самат Құсайынов 28-гвардияшы-

панфиловшылар шыңына екінші рет көтерілді. 4120 метрлік шыңның басына «Almaty aqshamy» газетінің туын тігіп, ескерткіш-тақталар орнатты. Альпинистердің арнайы сертификатын алды.

Медиахолдинг қызметкерлері бұл шыңға екі сағат бұрын жетіп, әуеской альпинистердің рекордын жаңартты.

«Біз осыншама биіктікке алғаш рет көтерілдік. Шыңға шығу оңай болды деп айта алмаймын. «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінің, жалпы «Alatau Aqparat» ұжымы, медиахолдингтің басшысы Төлеміс Күлмұхамедов бірнеше биіктіктегі шыңға шығуға жігерлендіріп, қолдау білдірді. Бұл тәжірибе газеттің тарихында тұңғыш рет жасалып отыр», – деді Бакыт Ойса.

Ерлан ӘБДІСАТАР.





АЛМАТЫНЫҢ ШАШУЫ



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Алматыда Елорда күні құрметіне орай бірнеше әлеуметтік нысан ашылды. Дәл осы күні 725 орынды екі мектептің жаңа корпусы мен 120 орынды төрт жекеменшік балабақша ашылды. Бұдан басқа да жекеменшік білім беретін мекемелердің тұсауы кесілді.

Қалалық әкімшіліктің мәліметінше, бұдан өзге, жыл соңына дейін тағы да 5 мың орынға арналған 35 жекеменшік балабақша ашылатын болады. Жалпы, ағымдағы жылдың соңына дейін Алматыда мемлекеттік және жекеменшік мектептердің құрылысы

аяқталуы тиіс. Пайдалануға берілетін жаңа ғимараттар есебінен 21 мыңнан астам оқушы орынмен қамтылатын болады.

Жүргізіліп жатқан барлық құрылыс қала әкімінің тікелей назарында болғандықтан, олардың белгіленген уақытта пайдалануға берілетіні анық. Сонымен қатар, қаламыздағы бірнеше білім мекемесі жанынан жаңа корпустар салынып, бірнеше мекемеге сейсмикалық нығайту жұмыстары жүргізілуде.

Мереке күні Бостандық ауданына қарасты «Орбита-1» ықшамауданындағы 1700 орынға арналған №60 гимназия жанынан 600 орынды жаңа оқу корпусы ашылды. Жаңадан берілген қо-

сымша ғимарат есебінен бірнеше кабинет ашылып, ең бастысы, екі ауысымда оқыту мәселесі шешілді. Осы күні ауданда «ALGABAS-3» жекеменшік балабақшаның да ашылу салтанаты өтті. Аталмыш балабақша 160 баланы орынмен қамтып, 35 адамға жұмыс берді.

Алатау ауданына қарасты №166 лицейге жапсарлас 125 орынды қосымша ғимарат ашылды. Сонымен қатар, мерекеге орай, Бостандық ауданының «Бағанашыл» ықшамауданында 60 орынды COSMO PRIMARY SCHOOL бастауыш мектебі мен Әуезов ауданында 130 орынды ABC School жеке мектебінің ашылуы болды.

Дәл осы күні Наурызбай ауданындағы «Ақжар» ықшамауданында мемлекеттік тілдегі №194 балабақшаның ашылуы болды. Жаңа балабақша 120 балаға арналған, әрі 40 адамды жаңа жұмыс орнымен қамтиды. «Таусамалы» ықшамауданында 40 жаңа жұмыс орнымен қамтитын 120 балаға арналған №193 мемлекеттік балабақша ашылды. Сондай-ақ, осы ықшамаудандағы №186,187 мектептер аумағынан 120 орынды екі жаңа балабақша ашылды. Мерекеге «түркісібтіктер» де өз үлестерін қосты. Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес «Адель» атты 70 балаға арналған жекеменшік балабақша пайдалануға берілді.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ЖАҢА БАЛАБАҚШАЛАР АШЫЛДЫ



**Серік
ЖҰМАБАЕВ**

Наурызбай ауданында жаңа балабақшалар ашылды. Бұл ретте Алматыда қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша балабақшалардағы орын тапшылығын төмендету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Сонымен, Наурызбай ауданының «Ақжар» шағынауданындағы 120 орынды №194 мемлекеттік балабақша ашылды. 40 жаңа жұмыс орны құрылды.

Наурызбай ауданының «Таусамалы» шағынауданында 120 балаға арналған №193 жаңа мемлекеттік балабақша есігін айқара ашты. 40 жаңа жұмыс орны құрылды. Сонымен қатар, осы шағынауданда №186 және №187 мектептердің аумағында 120 орынды екі жаңа балабақша ашылды.

Жас таланттар мекені

**Шаһарда өнер орталығы
ашылды**

Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 25 мекенжайында «Жас талант» әлеуметтік өнер орталығының салтанатты ашылуы өтті.

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша балалар мен жасөспірімдерді жан-жақты дамыту үшін мегаполисте қосымша білім беру жүйесі іске қосылды. Сондай-ақ, Алматыда мемлекеттік шығармашылық тапсырысты жан басына нормативтік қаржыландыру жобасы іске қосылады. Бұл 4 жастан 17 жасқа дейінгі балаларға спорттық секциялар мен шығармашылық үйірмелерге тегін қатысуға мүмкіндік береді.

Жаңа білім орталығы күніне 30 баланы қабылдайды. Жобаны жүзеге асыру үшін Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жас мамандары қызмет атқарады. Олар «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша орталыққа жұмысқа орналасып сабақ береді. Биыл барлығы 4,2 мыңнан астам бала мен жасөспірімді тегін үйірмемен қамту жоспарда бар. Жан басына қаржыландыру аясында тегін спорт секцияларымен 4,5 мың адам қамтылады.

«АДЕЛЬ» БАЛАБАҚШАСЫ – ЗАМАНҒА САЙ БІЛІМ ОРДАСЫ



**Айнұр
СЕНБАЕВА**

Еліміздің астанасы Нұр-Сұлтан қаласының туған күні қарсаңында Алматыда бірқатар нысандардың ашылу салтанаты болды. Солардың бірі – Түркісіб ауданындағы «Адель» балабақшасы. Қазіргі заманға сай етіп салынған зәулім балабақша 1 шілдеден бастап бүлдіршіндерге есігін айқара ашты.

Түркісіб ауданында қаланың басқа да аудандары секілді мектеп жасына дейінгі балаларға арналған білім ордасы тапшылау, балабақшаларда орындар да шектеулі екені рас. Сондай-ақ, балабақшаның құрылысын қолға алған мердігерлердің айтуынша, бұл ауданда балалар мен олардың ата-аналарына жайлы, жаңа заманның талаптарына жауап беретін, инновациялық, озық балабақшалар жоқтың қасы. Ал жас ұрпақтың білімді болу үшін оларға берілген білім мен тәрбиенің іргетасы мықты болуы керек. Сондықтан мектепке дейінгі білім ордасының сапалы болуы аса маңызды.

Түркісіб ауданының шеткері жағында, Сүйінбай көшесінің төменгі тұсында орналасқан



«Адель» балабақшасының орнында бұрын типтік балабақша болған еді. Кеңестік кезеңнен қалған балабақшаның тозығы жетіп, әбден ескірген болатын. Мердігер осы балабақшаның аумағын түгелдей өз меншігіне

алып, ескі ғимаратты күрделі жөндеуден өткізді, жапсарлас құрылыс жүргізді. Балабақшаның құрылысына шамамен 50 миллионнан астам қаржы жұмсалған.

Балабақша негізінен орыс-тілді балаларға арналған. Алайда,

мұнда қазақ тілі мен ағылшын тілдері тереңдетіліп оқытылады. Сурет, музыка, спорт үйірмелері де қарастырылған. Болашақта балабақша жанынан балаларды дамыту орталығы және мектеп ашу жоспарланып отыр.

Лариса ЛИ,
«Адель» балабақшасының мердігері:

БАЛАБАҚША МЕН ҮШІН БИЗНЕС ЕМЕС

Осыдан бірнеше жыл бұрын мен Түркісіб ауданынан немеремді беретін балабақша іздедім. Мемлекеттік те, жекеменшік те балабақшаларды аралап көрдік, бірақ көбі көңілімізден шыға қоймады. Балабақша ең алдымен балаларға өз үйіндей жайлы, әдемі болуы керек және ол жерде өз жұмысын және балаларды жақсы көретін адамдардың жұмыс істегені маңызды. Сол кезде неге өзіміз қалағандай балабақша ашпасақ деген ой келді.

Балалар – біздің болашағымыз. Олар жақсының бәріне лайық деп ойлаймын. Сондықтан осыдан төрт жыл бұрын ескі балабақшаны қайта жаңғыртуға күш салдық. Екі жыл бойы жөндеу жұмыстары жалғасты. 2019 жылдың наурызында ашамыз ба деген кезде пандемияға сәйкес кеп қалды. Сонымен, ашылуын кейінге қалдырдық. Міне, биыл балабақшаны мен басқа да қызметкерлерді жұмысқа өзін таңдаймын. Білімдеріне, тәжірибелеріне, мамандықтарына деген адалдығына қатты мән беремін. Қызметкерлеріміздің білімі мен білігін үнемі тереңдетіп отыруға тырысамыз. Балабақша ашудағы мақсатымыз – табыс тауып, кәсіпті дөңгелету емес, жас ұрпақ үшін сауапты іс жасап, мемлекеттің өркендеуіне тамшыдай болса да үлесімізді қосу.

Айсұлу АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
Алматы қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары:

– Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында, Елорданың туған күнінің құрметіне қаламызда көптеген балабақшалар ашылуда. Қаланың Алатау, Наурызбай, Түркісіб аудандарында жаңа балабақшалар ашылып жатыр. Соның бірі – осы «Адель» балабақшасы. Көріп отырғандарыңыздай, балабақша өте керемет салынған, әрбір бөлшегі талғаммен жасалған. Бұл балабақша байқаудан өтіп, мемлекеттік тапсырыс алғалы жатыр. Байқауға барлығы 136 балабақша қатысты, соның ішінде мектепке дейінгі білім ордаларының 40-ы мемлекеттік тапсырысқа ие болды. Бүгінде ең маңыздысы, 3 пен 6 жасқа дейінгі балаларды балабақшамен толық қамтамасыз ету. Қазір қала бойынша мектепке дейінгі жастағы балалардың балабақшамен қамтамасыз етілуі – 89,5 пайыз. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 91 пайызға жеткізуді көздеп отырмыз. Жалпы, 2025 жылға дейін балалар 100 пайыз балабақшамен қамтылуы тиіс.

Қалалық Білім басқармасы өкілінің айтуынша, қазір балабақшаларға мемлекет тарапынан, жергілікті билік тарапынан барынша жағдай жасалуда. Алғашқы кездерде жекеменшік балабақшаларға қиын еді. Қазір уақыт өткен сайын бәрі жеңілдеді. Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев мемлекеттік тапсырыстан бөлек балабақшаларға басқа қандай көмек көрсете аламыз деп Білім министрлігіне хат жазған болатын. Осыдан кейін бұйрыққа аздаған өзгерістер енгізіліп, жергілікті басқару орындары балабақшалардың тамағын толық және ішінара субсидиялауға мүмкіндік берді. Бұл дегеніміз – ата-аналарға жасалған үлкен жеңілдік.

Бұрын мемлекет «Балапан» бағдарламасын 3 жастан асқан балаларға арнап жасаған болатын. Қазір 2 жастан асқан балаларға да рұқсат етілді.



Алматы төріндегі «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ел жайлауға шыққанда, жазғытұрым аталып өтетін қымыз тойы – «Қымызмұрындық» этно-фестивалі өтті.

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған шараға театрдың тұрақты көрермендері мен зейнеткерлер қатысып, қымыз түрлерімен танысты. Сондай-ақ, халқымыздың жыл маусымына қарай атаған уыз қымыз (мамыр қымызы), жазғы қымыз, күзгі қымыз (сірге қияр), қысқы қымыз (қысырақ қымызы) түрлерін тамашалады. Көрмеге қымыздан жасалған косметикалық бұйымдардың түр-түрі қойылып, қалың



«QYMYZMURYNDYQ»

көпшіліктің назарын аударды.

«Қымызмұрындық – қазақ халқының тарихынан ойып тұрып орын алып келе жатқан ата дәстүрі. Осы бір керемет мерекені жаңғыртып, көркін кіргізіп жатқанымызға қуаныштымын. Бізде қымыздың әртүрлі түрлері бар, соның бәрін елге таныстырып, кең ауқымда өткізсек деген ой бар», – деді «Алатау» дәстүрлі өнер театрының бас режиссері Жұлдызбек Жұманбай.

Қымызмұрындық баяғыдан келе жатқан дәстүрлеріміздің бірі. Яғни құлын байлап, бие сауылған соң алғашқы қымыз ішу рәсіміне ауыл ақсақалдары мен көршілер шақырылған.

«Әрбір мемлекеттің өзінің төлқұжаты бар. Мысалы, Бразилияның наурызда өтетін Rio фестивалі бар. Германияның сыра фестивалі бар. Ал біздің қазақтың өзінің төлқұжатына айналған, бүкіл әлем мойындаған қымыз сусынын осындай деңгейге көтере алатын болсақ, шынымен рухани жаңғырғанымыз болады», – деді «Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры Ринат Зайытов.



Көгілдір экрандағы фантастикалық кейіпкерлердің макетін құрастырып, трансформерлер қалашығын жасаған Қуаныш Мұхамеджанов соңғы 4 жылдан астам уақытын осы кәсіпке арнаған.

Темірден түйін түйген шебер ең алғаш Бамбл би атты робот құрастырған. Оны құрастыруға небәрі 2 ай кеткен. Істен шыққан шаңсорғыштар мен әртүрлі техникалық қалдықтарды қоқысқа тастамай, 27-ден астам мультфильм кейіпкерін жасаған ол сәні мен салтанаты келіскен роботтарды ешқашан сатылымға шығармаған. Себебі, алдағы уақытта үлкен заманауи өнер музейін ашып, барлық адамзат баласына техникалық заттарды бей-берекет тастамауға, одан қажетті заттарды жасап шығаруға болатындығын айтсам дейді.

Елімізде ең алғашқылардың бірі болып алып роботтарды құрастырған шебер бұл бастамаға келмес бұрын 15 жылдай тіс дәрігері болып қызмет атқарған. Кейіннен шетелдіктердің трансформерлерді құрастыру жұмысына тамсанып, осы салаға бет бұра бастаған.

– Алғашқы роботыңызды қашан жасадыңыз?

– Бала кезімнен робот туралы фильм мен мультфильмдерге қызығатыным. Бірінші роботты 35 жасымда жасаппын. Ең алғаш идея шет елде қидырып жүргенде келген. Қазақстанға оралған соң осындай роботтарды іздедім, алайда таба

Темірді «сөйлеткен» шебер саябақ ашсам дейді



алмадым. Сосын өзім жасауға бел байлай бастадым. Өнерімді ұнатқан балалар кейіпкерлерімді көріп, шат-шадыман күйге бөленіп, ерекше алғыстарын білдіріп жатады. Олардың қуанышын көрген кезде жұмысқа деген шабытым артып, жаңаша тың дүниелер ұйымдастыруға бар күш-жігерімді саламын.

– Роботыңызды неден, қалай бастадыңыз?

– Алғашқы жұмысымды темір қалдықтарынан жасап, оларды техникалық қызмет көрсету орталықтарынан жинадым. Кейін келе, пластикті пайдаландым. Пластикті қоқысқа тастасаңыз, ол 1000 жыл бойы шірімейді. Бұл табиғатқа да зиян. Ескі шаңсорғыштар, теледидарлар да мен үшін нағыз шикізат көзі. Бекерге қоқысқа тастағанша, олардан өнер туындысын жасайын деп шештім.

– Киындықтар туындады ма?

– Қандай сала болмасын, оның өз қиындықтары болады. Менің бастапқы мамандығым медицина саласының айналасы болғандықтан, қатты қиынға түспеді. Керісінше, адам денесінің анатомиясы мен құрылысын жақсы білгендіктен, роботтарды құрастыра бастадым. Бастапқы кездерде қажетті материалдар таба алмай біраз жүрдім. Көршілерімнің, жақындарымның істен шыққан дүниелерін жинайтын едім. Қазірдің өзінде де әйел-роботтарды жасау үшін төрт жылдық еңбегімнен кейін іске кірістім. Өйткені, әйел бейнесіндегі роботтарды ешкім жасамайды. Оларды жасағанда нәзіктік пен қаталдықты қатар ұштастыру қажет. Қазіргі таңда менде бес әйел робот және бір терминатор бар. Оларды құруға алты ай уақытым кеткен екен.

– Қажетті материалдарды іздеу үшін автоанализге, сервис бекеттеріне баратын шығарсыз?

– Бір туындыны құрастыруға 1 ай кетсе, қажетті жабдықты жинауға 4-5 ай уақыт керек болады. Сол қажеттіліктерді табу үшін шынымен-ақ 2 жыл қатарынан көлік жөндеу орталықтарын аралайтынмын. Ал қазір адамдар өздері келіп, жарамсыз дүниеден пайдалы нәрсе жасарсын деп жатады. Тіпті, қажетті нәрсені таппасақ, 1 шаңсорғыш әкелген адамға 1 пицца тегін беретін акция ойлап таптым. Осылайша бір жылдың ішінде 300 шаңсорғыш, 50 балалар



машинасын жинаған екенмін. Сондай-ақ, ұлым да өз машиналарының бірін сыйға тартып, әдемі робот жасауымды өтінді. Негізінде, пластикалық роботтардың 90 пайызы шаңсорғыштардан, ал 10 пайызы ескі балалар машинасынан немесе теледидардан жасалады.

– Роботтарыңыз жайлы айта кетсеңіз?

– Мүсіндердің көлемі де, салмағы да әртүрлі. Ең үлкен роботым 1 тонна тартады. Ең тез жасаған роботыма 1 апта уақыт кетіпті. Өйткені, материалдары дайын еді. Ал ең ауыр робот ол – динозавр. Темір қалдықтарынан жасалғандықтан, салмағы да ауыр, шамамен 1 тонна болады. Оны жасауға 3 ай уақыт кетті. Бірақ өзіме қатты ұнады. Тағы бір динозавр құрау жоспарда бар. Қазір қарап отырсам, 4 жылдың ішінде 30-ға жуық робот құрастырған екенмін.

– Кәсібіңізді жалғастыра бересіз бе?

– Болашақта роботтардан құралған саябақ ашсам деймін. Балаларымыз пластик заттардан да роботтар жасауға болатынын білуі керек. Ғасырлар бойы ыдырайтын пластикті полигонға жіберу, менің ойымша, қылмыс болып табылады. Себебі, олар шірімейді, шірімегендіктен де ұзаққа сақталып экологияға зиянын тигізетінін түсінсе деймін. Сонымен қоса, жастарды да осы салаға бейімдеп, шәкірттер тәрбиелесем деген ойым бар.

ТҮЙІН:

Жақында жергілікті экологтар Қуаныш Мұхамеджановтың жұмысына қызығушылық таныта бастаған көрінеді. Өйткені, оның жұмысы ескі және сынған заттарды шеберлікпен пайдалана отырып, көруге келген адамдардың көңіл күйін, балалардың қиялын арттыруға арналған. Шет елде 30 жыл бұрын дами бастаған бұл өнер біздің елде енді ғана өркендеп, қанат жайып келеді. Кейіпкерімізге сәттілік тілейміз!

Бетті әзірлеген Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



Көшеде жедел жәрдем көлігіне деген құрмет артты

«Байқамай қалдым»-ға жол жоқ

Мойындау керек, бүгінде қалыпты киімдегі жедел жәрдем қызметкерлерінің көлігін көрсек, қуанатын болдық. Өйткені, ол шақыртудың коронавирусқа қатысты емес екенін білдіреді. Халық коронавирустан басқа аурумен ауырса, іштей «шүкір» дейтін жағдайға жеттік. Неге? Өйткені, жұрт вирустан қорқады. Бірі жақынын жоғалтса, бірі өзі ауырып, қиналған.

Бір байқағаным, көшеде жедел жәрдем көлігіне деген құрмет артқан. Өзіміз асығып келе жатсақ та қысылып тұрып, жедел жәрдем көлігін өткізетін болдық. Өзіміз жолдың ортасында қалып қойсақ та, жедел жәрдемді алдымызға түсіріп жіберетін болдық. Өйткені, ондағы науқастың жаны бізден де қысылып жатқанын білеміз, түсінеміз.

Жедел жәрдем көлігі бұрыннан жедел жүреді. Бірақ көпшілік біле тұра, көшеде оларға жол бере бермейтін еді. Коронавирустың «пайдасы» біздің дәрігерлерге деген құрметіміз артты. Олардың бағасына жеттік. Жедел жәрдемнің жылдамдығының маңызын түсініп, олардың тез жетуіне қолымыздан келгенше көмек көрсететін болдық. Тіпті, бұл тұста өзге көлік жүргізушілерімен сөзге де келетін кездеріміз де бар. Баяғыдай «байқамай қалдым» деп құтылып кете алмайсыз. Өйткені, жедел жәрдемге жол беру жағын тәртіп сақшылары да қатаң қадағалайды. Себебі, жедел жәрдем көлігі үшін 5 минуттың өзі рөл ойнайды.

Талайымыз осы аурудың тұсында жедел жәрдем көлігіне мініп көрдік немесе оған жақындарымыздың күні түсті. Ондағы қызмет ететіндердің жүзі жылы болғанымен, көліктің түсі суық. Тіпті, жүрек тарсылдап соғып кетеді. Өйткені, бұл тұста көп нәрсе сізге емес, медициналық қызметкерлерге, жолдағы жүргізушілердің түсінігіне байланысты болады.



КЕРЕК ДЕРЕК

Алматы қаласында Жедел медициналық көмек көрсету қызметі 1926 жылы Орталық қалалық амбулатория жанында құрылды. «Жедел жәрдем» штаты 4 медициналық персоналдан, 1 көшірден, 1 ат және 1 арбадан тұрды. 1928 жылғы 5 ақпанда Жетісу Губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің бұйрығына сәйкес екі «жедел жәрдем арбасы» бар тұңғыш жедел медициналық көмек көрсететін мекеме – қалалық аурухана жанындағы жедел жәрдем көрсету орны құрылды.

қоңырау шалғанда көпшілік дұрыс ақпарат беру керектігін ескерсе екен дейді. Мәселен, диспетчер белгілеп жазып алатын нәрселер: науқастың аты-жөні, жасы, жынысы; науқастың жағдайы, оқыс оқиға, апат, жарақаты туралы толық мәлімет; мекенжайы мен телефон нөмірі, сондай-ақ науқастың орналасқан жері туралы бағыт-бағдар.

Диспетчерге дұрыс мәлімет беру маңызды

Дұрыс ақпарат маңызды. Өйткені, қоңырау шалған уақыттан бастап диспетчер алынған мәліметті шақыру санатына байланысты сұрыптап, оны жедел медициналық жәрдем бригадасына тапсырғанға дейін уақыт 5 минутты құрайды. Жедел жәрдем бригадасын шақырғанда аурудың белгілерін толық, нақты, дұрыс айту қажет. Ол медициналық көмек көрсетуді жеңілдетіп, келу уақытын қысқартады. Үйдің подъезіне дейінгі жолды (жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатса, қай жерден айналып өтуді ескерту) және домофон нөмірін нақтылап айту керек. Мүмкіндігінше, бригаданың алдынан шығып күтіп алып, қай жерден күтіп алатыныңызды да алдын ала айту қажет. Бригада үйге жеткенше телефонды өзімен бірге ұстап, желіні бос ұстауы керек. Үйде науқас жатқан жерге дейінгі жолды өзге заттардан тазарту маңызды. Үй жануары болса, оны өзге бөлмеге қамап қою керек. Өйткені, дәрігер өміріне еш қатер болмауы тиіс. Науқастың жеке құжатын, медициналық полисін, ауруханадан шыққан құжатын, кардиограмма және т.б. денсаулығына қатысты бар құжаттарын дайын ұстаған жөн.

Көліктер 70 пайызға жаңарды

Қаланың 8 ауданында орналасқан 11 қосалқы бөлімшесінде 20-дан астам жедел жәрдем көлігі бар. Қаланың жедел жәрдем көліктері 70 пайызға жаңарды. Автопаркте заманауи құралдармен жабдықталған су жаңа темір тұлпардың 140 данасы бар.

Коронавирус індеті өршіген тұста жедел жәрдем қызметіне күніне 8-9 мыңға дейін қоңырау түскен. Оның шамамен 5 мыңына қызмет көрсетіліп отырған. Ал қазір, дерттің таралуы саябырсыған кезде күніне 2 жарым мыңға дейін қоңырау түседі екен. Бүгінде жедел жәрдем қызметінің бір бөлімшесі кем дегенде 10-12 шақыртуға барады. Қалалық жедел жәрдем қызметінде 4 мыңға жуық адам еңбек етеді.

Осы ретте мамандар 103 нөміріне

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

Қашан серуендеген дұрыс?

Дәрігерлер мен диетологтар тамақтан кейін бірден жүру пайдалы деп санайды: 1. Серуендеу ас қорытуды жақсартады. Бауыр және ас қорыту жүйесінің аурулары туралы журналда жарияланған зерттеуге сәйкес, тамақтанғаннан кейін 15 минут баяу серуендеу тамақтың асқазаннан ішекке өту процесін тездетеді. 2. Қандағы қант деңгейі тұрақталады. 2018 жылы Nutrients медициналық журналы тамақтан кейін серуендеуге қатысты зерттеу нәтижелерін жариялады. Алдымен екі тілім нан жеп, содан кейін бірден серуендеуге барғандар, керісінше серуендеп, кейін тамақтанғандарға қарағанда қандағы қант деңгейі төмендеген. Тамақтанғаннан кейін серуендеу диабетпен ауыратындар үшін де пайдалы, тамақтанғаннан кейін 10 минуттық серуендеу кез келген уақытта бір жарым сағаттық серуенге қарағанда қант деңгейін төмендетеді. 3. Серуендеу газдың пайда болуын азайтады. Тағы бір зерттеу бойынша серуендеу тітіркенген ішек синдромы бар адамдарға көмектеседі. Зерттеушілердің айтуынша, әдеттегі 4000-ның орнына күніне 9500 қадам жасай бастаған экспериментке қатысушылар аурудың белгілерін 50 пайызға жеңілдеткен. 4. Басқа жақсы әдеттерді дамытуға көмектеседі. Журналист Меган Рэббит бір ай бойы түскі астан кейін күн сайын 15 минуттық серуендеуге шығады. Бір аптаның ішінде ол басқа пайдалы әдеттерді дамыту оңай болғанын байқайды, мысалы, аз шарап іше бастаған. 5. Түскі астан кейін серуендеу стресті азайтады. Ғалымдар серуендеу сияқты жеңіл жаттығулар стресті азайтуға көмектесетінін анықтады. 2019 жылғы зерттеу 20 минуттық серуендеу кортизол-стресс гормонын төмендететінін растады.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Екпе алмаса, жұмысқа қабылданбайды

Ұлыбританияда дәрігерлер екпе алмаса, жұмысқа қабылданбайды. Ел билігі екпе алмаған дәрігерлер мен қарттар үйінің қызметкерлері бұдан былай жұмысқа тұра алмайды деген шешім қабылдамақ. Жаңа талапты ел премьер-министрі Борис Джонсон да қолдап отыр. Құжат жақын арада күшіне енеді. Аталған елде екеу науқаны бір ізге қойылған. Елдің 80 пайыз тұрғыны екпенің бірінші дозасын қабылдап үлгерген.

Қарттарға арналған орталықтар

Нью-Йорк қаласында коронавирустан бір жыл уақытқа жуық жабық болған қарттарға арналған орталықтар қайта ашылды. Қариялардың қуанышында шек жоқ. Себебі, індеттен ұзақ уақыт үйлерінен шыға алмаған олар көптен көрмеген достарымен кездесіп, орталықта өздерінің сүйікті істерімен айналысуға мүмкіндік алды. Мұндай орындарда тамақтанып, би билеп, жаттығулар жасап, түрлі ойын ойнауға болады. Шаһарда қазірге дейін 250 орталықтың 130-ы ашылған.

Диснейленд ашылды

Парижде былтыр қазан айында жабылған Диснейленд қайта ашылды. Жаңа тәртіпке сәйкес, Диснейлендке келушілердің барлығы бетперде тағып, әлеуметтік арақашықтық сақтауы тиіс. Ойынсауық орталығы күніне 25 мың адамды қабылдай алады. Билік бір айдан кейін Эйфель мұнарасын ашуды жоспарлап отыр.

Жалған сертификат жасату дерегі артты

Ресейде жалған вакциналау сертификатын жасату деректері көбейіп кеткен. Мұндай қызмет үшін алаяқтар 10 мың рубльден 20 мыңға дейін сұрайды екен. Ақшаны аударғаннан кейін келесі күні мемлекеттік қызметтер сайтындағы жеке кабинетте екпенің бірінші компонентін салдырғаны туралы ақпарат пайда болады. Препараттың әрбір дозасы нөмірленгендіктен сатып алынған ампулалар қоқысқа тасталатынын көрінеді. Ал сарапшылар жакын арада мұндай деректер саны одан да артуы мүмкін деп болжап отыр. Өйткені, эпидемиологиялық ахуалдың күрт нашарлауына байланысты Мәскеу және Мәскеу облысында кей тұрғындар үшін міндетті вакциналау жарияланды. Оған мемлекеттік қызметкерлер, такси жүргізушілері, ойынсауық индустриясы, қызмет көрсету саласы мен қоғамдық тамақтану өкілдері кіреді. Аталған сектордағы ұйым қызметкерлерінің кемі 60 пайызы екпе салдыруы тиіс. Әйтпесе, жұмыс берушіге айыппұл салынады.

«Ауру көбейсе, дәріхананың саудасы қызады»

Дәріханадан керек дәрі-дәрмекті алып, алғысымды айтып, шығып бара жатыр едім, қолымдағы қағаздар шашылып қалып, соны жинап алу керек болды. Дәріханашы мені шығып кетті деп ойлаған болуы керек, әлде оған бәрібір болды ма, телефонымен біреуге «Ауру азайып еді, сауда тоқтады. Былтыр жақсы ақша жасап едік. Қымбат дәрілер өтпей қалды. Тағы бір «толқыны» жүрсе екен» деп жатқанын анық естідім. Мұны не деуге болады? «Қара басты, өз қалтасын ойлағандық» деуге келе ме?

Мәселен, былтыр ауру қозған тұста күнін әрең көріп отырған отбасылардың өзі «аман қалайық» деп кемінде 10–20 мың теңгеге қорғаныш заттары мен ең қажетті дәрі-дәрмекті алды. Ал ауырғандар кемінде 50–60 мың теңге жұмсады. Сол уақытта бәріміздің үйіміздің дәрі-дәрмекке арналған қызуы түсіретін, ауруды басатын, жөтелді емдейтін дәрілерге толды. Бетпердені де, спиртті де алдық. Неге? Өйткені, «ауырып қалсақ, дәрі таппай қаламыз» деген ой болды. Халық арасында жүрген «дәрі таппы болады» деген қауесет те маза бермеді. Сол кезде өз құлағыммен естігенім – кішкентай дәріханалардың өзі айына миллиондап пайда тапқан. Басқа күндері айына 1-2 рет ғана тапсырыс жасайтындар керек дәрілерге күнделікті тапсырыс беріп отырған. Өйткені, сұраныс бар. Десе де, ол уақытта тапсырыс бергеннің бәрі келе бермейді, бары келетін еді. Өзіміздің де талай рет тапсырыс бергізіп, оншақты күндеп күткен кездеріміз болды. Дәріханадан «дәрі келді» деп қоңырау шалынса, қуанғанымыз сонша, бәрін тастап, соны алып кетіп жүрдік.

Былтыр дәл осы уақытта дәріханаға 1,5 сағат кезекке тұрғаным есімде. Дәл менің кезегім келген кезде дәрі таусылып кетіп, келесі дәріханаға 30-шы болып кезекке қайта тұрдым. Алғашында дәріханалар «қандай дәрі бар, кезекке тұру керек пе?» деген секілді ақпарат бермейтін. Кейін оны ескеріп, жоқ дәрілер тізімін сыртқа іліп қоятын болды. Оған да шүкір дедік. Әйтпесе, әрқайсысына сағаттап кезекке тұрып, ештеңе алмай қайтқан кездеріміз де болды.

Бетпердені 150 теңгеден де алдық. Соның бәрі дәріханашылардың қалтасына түсті. Бірақ бұл тұста оны да біреудің шырылдап сатып алатыны ұмыт болды. Мақсат – ақша тауып қалу.

Рас, дәріханадан көпшілік ауырған кезде ғана дәрі алады. «Аурудың алдын алу үшін» деп қимылдайтындар да көп емес. Дәрумендерді де дәріханадан алуды қойып барамыз. Сол жағынан келгенде әлгі апайды түсінем. Бірақ ол «жаңа толқыны болсын» дейтіндей жағдай емес қой. Ауру көбейсе, пайда табам деп жүріп өзінің де ауырып қалмасына кім кепіл?!



Тамыр-таныстарын пайдаланып, пара берген

Еуроодақ тұрғындарының үштен бірі пандемия кезінде медициналық қызметке қол жеткізу үшін тамыр-таныстарын пайдаланған. 6 пайызы бұл үшін пара берген екен. Тісті зерттеуді Транспэрниси Интернешнл халықаралық ұйымы жүргізген. 27 мемлекеттің ішінде жемқорлық деңгейі ең жоғары елдердің қатарында Кипр, Словения, Болгария мен Румыния бар. Ең төменгі көрсеткіш Финляндияда тіркелген.

Пандемия кезіндегі алғашқы халықаралық көрме

Францияда пандемия кезіндегі алғашқы халықаралық көрме шымылдығын түрді. Viva Technology деп аталатын Еуропадағы инновациялар мен стартаптардың ең үлкен салоны тұңғыш рет аралас форматта өткізілді. Өйткені, шектеулерге байланысты іс-шараның жартысы онлайн форматқа ауыстырылған. Санитарлық дағдарыс көрменің ұйымдастыру формасына ғана емес, мазмұнына да әсер еткен. Залға әлемнің түкпір-түкпірінен 500-ге жуық ең озық жоба жинақталса, солардың көбі климат өзгерісі мен азық-түлік қауіпсіздігіне арналған. Пандемия кезінде көпшілік азық-түліктен қиналды. Осы мәселені шешу үшін француз кәсіпкері заманауи жылыжай ойлап тапқан. Өсімдіктер тігінен қойылған автономды ғимарат суды 90 пайызға, тыңайтқыштарды 70 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Францияның Жиронда аймағының кәсіпкері су астындағы қоқысты жинайтын сүңгуір робот жасады. Оның жұмысын бейне-ойын ойнағандай басқаруға болады. Әзірге робот механикалық шымшуырман жасакталған. Алдағы уақытта оған шаңсорғыш қосылмақ. Сүңгуір Жерорта теңізінде сынақтан өткізілген. Ол жүз метр терендікке дейін түсе алады екен.

Бетті әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



ҚР Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылған болатын. Соған орай, Алматыда да республиканың барлық өңіріндегідей, қала әкімдігі жанынан саяси репрессия құрбандарын ақтау мәселелері бойынша қалалық комиссия құрылды. Оның төрағасы – қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров. Қалалық комиссия 9 топтан тұрады. Оның құрамында 51 тарихшы ғалымдар жұмыс істеуде. Қала бойынша құрылған комиссия нені зерттеп, кімдерді ақтайды? Осы және өзге де сұрақтарға жауап алу үшін ҚР ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы Кәсіби психологиялық даярлық және ІІО басқару кафедрасының профессоры, тарих ғылымының кандидаты Талғатбек Сейітханұлы ҚҰЛТАЕВПЕН сөйлескен едік.



ЖАҢА ТЕТІКТЕР ПЫСЫҚТАЛАДЫ

кеңестік идеологияның құрбаны болған азаматтарымызды ақтап алу – азаматтық борышымыз

– Талғатбек Сейітханұлы, қалалық комиссия ретінде сіздердің топ қалай аталады және жұмыс қалай ұйымдас-тырылуда?

– Біздің топ – Алматы қаласы әкімдігі жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбан-дарын ақтау мәселелері бойынша қалалық комиссияның 1939–1945 жылдары фашистік Германия, Финляндия және басқа да Еуропа елдерінде әскери тұтқында болған қазақ-стандық әскери тұтқындарды, сондай-ақ Түркістан легионында уақытша болған қазақстандықтарды ақтауға қатысты зерттеу жүргізу, қорытынды және ұсыныстар дайындайды. Саяси қуғын-сүргін құрбан-дарын ақтау тәсілдері мен критерийлерін әзірлеу үшін ғалымдармен, өлкетанушы-лармен, құқық қорғаушылармен, мемлекет-тік комиссия мүшелерімен дөңгелек үстелдер, онлайн-конференциялар, кеңестер өткізілуде. Барлық материалдар қуғын-сүргін түрлері мен қуғын-сүргін санаттары бойынша жіктеледі. Мәдениет және спорт министрлігі биыл Ұлттық мұрағат және Орталық мемлекеттік мұрағат базасында Саяси қуғын-сүргін мәселелері бойынша мамандандырылған мұрағаттық материал-дар қорын құрды. Бүгінде аталған қорда саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты 1040 бірлік мұрағаттық істер сақталуда. Қор комиссия қызметі шеңберінде жаңадан құпиясыздандырылған құжаттар есебінен толықтырылады. Жұмыстың нәтижесінде Мемлекеттік комиссия қызметінің қорытын-дысы бойынша Саяси қуғын-сүргін құрбан-дарын толық ақтау мәселелерін заңнамалық қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізіледі. Біріншіден, «Саяси қуғын-сүргін құрбан-дарын толық ақтау туралы» және «Қол-даныстағы бірқатар заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары әзірленеді. Сондай-ақ, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың жаңа тетіктері пысықталып, оған құқығы бар адамдардың тізбесі кеңейтіледі.

– Нақты кімдерді ақтау бойынша жұмыс істейсіздер?

– Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1991–1993 жылдары дәл осындай комиссия құрылған болатын. Онда депортацияға ұшыраған азаматтарды ақтау, содан кейін ұжымдастыру, индустрияландыру жылдарында шейіт болған және 1932–1933 жылдар-дағы ашаршылықтан қырылған адамдарды ақтау мәселесі тұрған еді. Ал біздің комиссияның негізгі жұмысы – саяси құрбандардың барлығын түпкілікті ақтау болып табылады. Біздің топ соғыс жыл-дарында тұтқынға түскен және Түркістан легионында қызмет еткен, тұтқын болған азаматтарға байланысты іс-мәселелерді қарайды. Ол дегеніміз – немістердің қолына тұтқынға түскен жауынгерлердің барлығы толығымен ақталады деген сөз емес. Себебі, олардың ішінде түрлі әскери қылмыс жасаған адамдар да болған. Яғни ақтауға жатпайтын да адамдар бар. Мәселен, айтайық, 1944 жылы елімізге неміс әскерлерінің тапсырмасы бойынша Гурьев (қазіргі Атырау) облысындағы Жылыой ауданына диверсанттар түсірілген болатын. Вермах-тың оларды мұнда жібергендегі басты жоспары – халықты Совет өкіметіне қарсы көтеру болатын. Қазақстанға келген соң олардың көбі НКВД, яғни ішкі істер халық комиссариатының қызметкерлерінің қолына өздері берілген еді. Бірақ олардың ішінде Кеңес үкіметімен күресемін деген адамдар да болды. Соның бірінің лақап аты Әлихан



Ағаев деген адамның ойы өз руластарын көтеріп, Кеңес үкіметін жоюға әрекет жасау еді. Шайқас барысында ол шейіт болды. Алайда, басқа әрекеттерін былай қойғанда, ол жергілікті колхоздың бригадирі Байжан Атағозиевтің қанын мойнына жүктеуі себепті ақталуға келмейтін болуы керек деп ойлаймын.

Жалпылай айтсақ, Кеңес Одағы кезінде Ұлы Отан соғысына қатысқан адам саны 35 миллионнан асса, оның 7 миллионы тұтқында болған. Яғни әрбір бесінші адам түрлі жағдайларға байланысты тұтқында болған. Тұтқыннан қашқандары, құтылып кеткендері де бар, партизандарға қосылып кеткендері бар. Қайтадан кеңес әскеріне қосылғандары болды. Солардың анық-қанығын білуге қатысты сұрақтар соғыс аяқталғаннан кейін қойыла бастаған. Яғни «сен қандай жағдайда тұтқынға түстің, қалай құтылдың немесе немістерге қызмет еттің бе, мысалы, Түркістан легионында солардың антын қабылдадың ба, солармен бірге соғыстың ба?» деген тергеулер жүргізілген. Сол себепті, өзінің кінәлі еме-стігін дәлелдей алмаған азаматтар түрмеге отырғызылып, жазасын етіді. Олардың арасында басында ату жазасына кесіліп, бірақ артынан ұзақ жылдарға абақтыға сүңгітілгендері де кездеседі. Соғыстан кейінгі жылдары, тек қана Қарағанды лагерінің өзіне бір кездері 2 миллионнан аса адам отырғызылған деген дерек бар. Солардың біраз бөлігін соғыс жылдары неміс тұтқынында болған азаматтар құрады.

Ұлы Отан соғысы жылдары Кеңес Одағы 27 миллион адамынан айырылғанын біз білеміз. Ал одақта репрессияға ұшырап, о дүниелік болған азаматтардың саны 50 миллионнан асып жығылатынын біріміз білсек, екіншіміз біле бермейміз. Соғыста шейіт болғандардан соңғыларының саны артық болып тұрғанына мән беруімізді сұраймын. Осы орайда бай-қулақтарға байланысты да сұрақтар көп. Олардың арасында ақтауға келетіндері және келмейтіндері бар. Комиссия ішінде осы мәселені жан-жақты зерттеу үшін арнайы топ құрылған. Жоғарыда қойылған сұраққа нақты жауапты солар береді.

– Алматылықтарға қатысты дерек-тер бар ма?

– Біз қалалық комиссия болғандықтан Алматыға қатысты материалдарға көбірек көңіл бөлеміз. Жұмысымыз енді қыза бастады. Қазірдің өзінде соғыс жылдары

немістердің қолына түскен 80-нен аса алматылыққа байланысты материалдар таптық. Олар әрқайсысы түрлі жағдайға байланысты тұтқынға түскен. Тағдырлары өте ауыр, көрмеген азаптары жоқ. Олардың осындай күйге түсуіне сол кездегі кейбір партия-совет және әскери басшыларының қателіктері зардабын тигізгенін де айта кеткеніміз жөн. Қазақстанда, нақты айтсақ, Ақмолада құрылған 106 дивизияның тағдыры бұл сөзімізге нақты мысал бола алады. Ол жөнінде біздің тобымыздың мүшесі, көрнекті тарихшыларымыздың бірі Қ.Алдажұманов өз еңбектерінде жазып жүр. 1942 жылдың мамыр айында Украина аумағында қолбасшы С.К.Тимошенко мен Н.С.Хрущев И.В.Сталинге өтініп, шабуыл жасауға тілек білдірген. Бірақ оған бірқатар көрнекті әскери қолбасшылар қарсы болған еді. Дегенмен, Жоғары қолбасшы өздерің шешіндер дегендей кейіп танытқаннан соң түбінде сол шабуыл атқарылады. Оған басқа құрамалар қатарында қазақстандық дивизия да қатысып қоршауда қалады. 242 мыңнан аса адам немістердің қолына тұтқынға түседі. Тимошенко мен Хрущев жіберген қателіктің нәтижесінде, басқа ірі тосқауыл көрмеген немістер Сталинград түбінен бір-ақ шығады. Біздің тақырыпқа байланысты баса айтатын нәрсе – немістерде қолға түскен солдаттарды ұлтына қарай жіктеп, кейіннен Кеңес Одағын басып алған соң өз мақсатына қарай қолдану деген жоспармен құрылған арнайы мекеме болған. Соның қызметінің арқасында құрылған Түркістан легионының біраз бөлігі қазақ жауынгерлері еді. Ондай жауынгерлер грузиндер, армяндар мен кавказдықтардың да арасында болды. Немістер оларды Белоруссия, Украинадағы партизандар қозғалысына қарсы күреске пайдалануға тырысты. Оның қаншалықты жүзеге асқаны белгісіз, біз соны қазір зерттеп жатырмыз. 1944 жылы немістер аталған легионның жауынгерлерін одақтастардың әскеріне қарсы соғысқа пайдалануға тырысқан болатын. Олар сол соғысқа қатысты да. Бірақ аса жақсы дайын-далмаған, оның үстіне моральдық рухы жоқ легион қызметкерлері жеңіліп тұтқынға түседі. Кейін олардың негізгі бөлігі репа-триацияланды. 1945 жылдың желтоқсан айында одақтастар Кеңес Одағына 24 мыңнан аса қазақ жауынгерін қайтарып берді деген деректер бар. Олардың арасында алматылықтардың да болғаны еш күмән тудырмайды. Біздің басты мақсатымыз –

соларды тауып, кінә мөлшерлерін анықтау, кінәсі жоқтарды ақтау болып табылады.

– Жұмыс барысында таңқалдырған деректер кездесті ме?

– Біз қазір Алматы қаласы Полиция департаментінің арнайы архивінде жұмыс істеп жатырмыз. Өкінішке қарай, бізге қажетті көп деректер толық емес. Себебі, бізден соғысқа аттанған кісілердің көбісі, шынын айту керек, сауат деңгейі бастауыш мектеп көлеміндегі, біразы сауаты жоқ жауынгерлер болған. Олардың көпшілігі тек қазақ тілінде сөйлеген, орысша білмеген. Орыс тілді түсінбегендіктен, тіптен өзіне қатысты дүниелерді де айта алмаған, қағазға да түсірмеген. Айталық, құжаттарда жауын-герлер қай жерде тұтқынға түскен, қандай лагерьде отырған дегендей сауалдар жауап-сыз, толық емес.

Мұрағаттарда жағымсыздау, әсіресе дизертирлерге, тірі қалудың жолын, соғысқа бармаудың жағдайын жасаған адамдарға қатысты материалдар тым көп екен. Әрине, олардың барлығы дерлік майданға аттан-дырылған. Алайда, соғыстан тірі оралған-дарымен Ішкі істер органдарының қызмет-керлері тәрбие мақсатында біраз «жұмыстар» жүргізгені айтпаса да түсінікті.

Соғыс біткеннен кейінгі уақытта кеңес тұтқындары жайлы материалдар шетелдік архивтерден алынып, Мәскеуге жинақтал-ғаны белгілі. Сонда барып, оларды да қарау керек болады-ау деген ойлар бар. Салыстыру керек, қарау керек, әрбір тұтқынның өзінің тағдыры бар. Соғыс халқымызға, әрбір отбасына үлкен ауыртпалықтар мен қайғы-қасірет әкелді. Жеңімпаз атанып келген еліміздің азаматтарының арасында жазық-сыз сотталып түрмеге қабылғандар да жетіп-артылып жатты. Олардың біразы НКВД-ның арнайы қоныстарына сүңгітілді. Арасында атылып кеткендері болды. Өз үйлерінде тұруға рұқсат берілгендері арнайы комендатураларға есепке тұрғызы-лып, олар сонда барып тұрақты белгіленіп тұратын болған. Сол екі ортада жүріп, кейін көзден ғайып болып жоғалып кеткендері бар. Солардың бәрінің тағдырына жаңаша көзқараспен қарап, кінәсіздерін ақтау мәселесі бойынша нақты ұсыныстарымызды жинап республикалық комиссияға тапсыра-мыз. Өз ойымызды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап дәлелдеуге тырыса-мыз. Ол үшін сол кездегі заңдарды, соғыстан кейінгі заңдарды алып қараймыз. Алматы-лық комиссия болғандықтан ақтауға байла-нысты ұсыныстарымызды бізден жоғары тұрған республикалық комиссияға жолдай-мыз. Қалған дүниелер көпшілік болып шешіледі. Қысқасы, істелетін шаруа шаш-тектен, өте көп. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген сөз бар емес пе. Біздің топ ғалымдары ақтайын деп отырған кісілердің барлығы дерлік өмірден озып кеткен. Шынында, «өлі риза болмай, тірі байы-майды». Отан үшін от кешсе де жазықсыз жазаланып, тіптен кінәсіз болса да сатқын атанған елім деп еңіреп, қазағым деп қабырғасы қайысқан, бірақ кеңестік идеологияның құрбаны болып кете барған азаматтарымызды ақтап алу – бұл біздің азаматтық борышымыз болып табылады. Қалың көпшілік басталған осы бір іске қолынан келгенше көмектерін беріп, білетін дүниелерін ортаға салса, нұр үстіне нұр болар еді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Әсел ДАҒЖАН.



КИБЕРБУЛЛИНГ

Ғаламторға байланған балаға кім жауапты?



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Баланы ата-анасына қарсы қоятын ғаламтордағы ойындар, агрессияға әкеліп соғатын әртүрлі блогерлер, жасөспірімді өмірден түңілдіретін сайттар... Соңғы жылдары сандық технологиялардың дамуы себепті балаларға қатысты зорлық түрлері жиілеп кетті. Жаһандық желідегі бала тәрбиесі мен қауіпсіздігінде неге баса назар аудару керек? Қауіп-қатер бала үшін қаншалықты зиян?

2020 жылы 1 маусымда балаларды кибербуллинг және өзге де зорлық-зомбылық түрінен қорғаудың қазақстандық бағдарламасы бекітілді. Адамды ғалам-

торда, әлеуметтік желі мен әртүрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету кибербуллинг деп аталады. Кибербуллингке кез келген адам тап болуы мүмкін. Дегенмен, ғаламтордағы алаяқтар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады.

Себебі, бұл жастағы балалар интернеттің қауіпті екенін білмей, кейін өзіне жасалып жатқан қысым туралы ешкімге айта алмайды. Мамандардың айтуынша, кибербуллинг қазір бүкіл әлемдегі өте өзекті мәселеге айналған. Өкініштісі сол, елімізде де ғаламтордағы алаяқтардың құрбанына айналған балалар аз емес.

Сол үшін ата-ана баласы байқамай «от» баспасын десе, ақпараттық қауіпсіздікте сауатты әрі талап қоя білуі қажет.

Ақнұр КЕРІМБЕКОВА,
заңгер:

– Әр ата-ана үшін баласының қауіпсіздігі қашанда бірінші орында. Бүгінде қауіп қайдан деуге болмайды. Күнделікті өмірде сіз бен біз қолданып жүрген ғаламтор бала үшін ең қауіпті виртуалды аймақ болып тұр. Сондықтан баланы әлеуметтік желіде еркін жібермей, ғаламтордағы қауіпсіздігіне баса назар аудару керек. Әсіресе, жаңадан меңгеріп жүрген кезінде әлеуметтік желінің мүмкіндіктерімен қоса, тигізетін зиянын да үнемі ескертіп отырған жөн. Өзі, ата-анасы, туған-туысқандары туралы жеке мәліметтерді (мекенжай, телефон, оқу орны) әлеуметтік желілерге және басқа ашық көздерге жариялауға болмайтынын, қауіпті екенін түсіндіру керек. Пайдалы, қызықты, қауіпсіз

сайттар мен интернет ресурстардың тізімін жасап, балаға соларды пайдалануды ұсыну керек. Баланың интернетке отыру уақытын шектеңіз. Қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін компьютерлік сауаттылық деңгейін үнемі көтеріп отырған абзал. Мінез-құлқын қадағалап, интернетке тәуелділік қаупінен сақтандырыңыз. Баланың мінез-құлқындағы өзгерістерге мұқият болыңыз. Ашушандық, аңқаулық, тұйықтық, кез келген нәрсеге қызығушылығын жоғалтуы, желіде болған уақытын жасыру, компьютер алдында отырып жасі тамақтану – осының бәрі ғаламторға тәуелділік белгісі. Жазғы демалыста балалардың бос уақыты көп болады. Ата-ана баланың бүкіл уақытын телефонда өткізбей, демалысын барынша пайдалы өткізуін алдын ала жоспарлауы керек.



Эльнура ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ,

Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты:

– Алдымен, ата-ана баласы желіге қандай сурет жариялағанын, кімге қандай хабарлама жібергенін үнемі бақылауда ұстауы керек. Ата-аналардың жауапкершілігін арттыру үшін бұл бағытта арнайы заң тұрғысынан міндеттемелер бекітілуі керек деп санаймын. Сонда ғана ата-ана баласының ғаламтордағы қауіпсіздігі жазынан жауапкершілікті екі есе сезінер еді. Осылайша балаға төнетін қауіп-қатердің алдын алады.

ТЕАТР

«Алтыбақан» тебетін боламыз



Динара
МҰРАТ



«Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Алтыбақан» ойын-сауық ән кеші қалың көрерменге жол тартты. Қазақтан бойынша жалғыз дәстүрлі өнер театрының бағыты мен аталмыш кештің ерекшелігі жайлы қоюшы-режиссер Жұлдызбек Жұманбаймен тілдестік. Оның айтуынша, басты бағыт – өнердің бар түрін бірге қамтитын дәстүрлі өнерді жаңғырту, ал ойын-сауық кеші осы бағытта жасалған қадамдардың бірі, театрдың негізгі идеясы.

«Бүгінгі кешті «Алтыбақан ойын-сауық кеші» деп бекер атап отырған жоқпыз. Байырғы қазақтарда жастар алтыбаканның жанында жиналып, өз өнерлерін көрсеткен. Сахнада алтыбақан болмаса да, оны бір «символика» ретінде

ғана алып отырмыз. Жалпы, дәстүрлі өнер театрының ұстанымы – бес мектепті жаңғырту. Онда Сыр елі, Алтайымыз бар, Жетісуымыз бар дегендей. Әр концертте осы бес өңірдің әндері міндетті түрде шырқалуы тиіс. Кеште осы әндерді музыкалық жағынан сүйемелдеп, көркемдеп отыратын фольклорлық ансамбліміз өнер көрсетеді. Барлығы жанды түрде өтеді. Оған қоса, мың бұралған бишілер мен актерлік құрам да қосылады. Жалпы, қазақ өнерінің жан-жақтылығын толықтай көрсететін кеш болмақ», – деді қоюшы-режиссер.

Кеште дәстүрлі әндермен қатар, ұмыт болып бара жатқан, көне дәстүрлі ән-жырлар да орындалды. Ең қызығы, бұл шараға театрдың толық шығармашылық тобы (70-ке жуық артист) өнер көрсетті.

Күміс көмей, жез таңдай әншілер аталмыш кеште мың бұралған бишіге, кей жерде актер болып, рөлдерін өз деңгейінде ойнап шықты. Әсіресе, Әсет Есжановтың бойжеткенге бір көргеннен ғашық болған жігітті ойнауы, әсерлі бимен жеткізуі көрермен қауымды тәнті етті.

«Қазақтың жастары, қыз-жігіттері алтыбаканның басында жиналып, ойын-сауық құрған. Соның аясында біздің театрда жаңа бағытта жасалған дүние. Театрымыз дәстүрлі өнер ошағы болғандықтан, кеште дәстүрлі әншілер, бишілер, актерлер мен ансамбльдердің біріккен жұмысы көрсетіледі. Ерекшелік те осында. Осылардың барлығын қосып қандай қойылым қоямыз дегенде, музыкалық кеш жасауды ұйғардық. Мұнда қарапайым концерттегідей жүргізуші жоқ, кезекпен өнер көрсету көзделмеген. Ең бастысы, дәстүрлі өнердің барлық түрлерін көрерменге паш ету», – деді Әсет Есжанов.

Театр басшылығы өнерпаздардан жан-жақты болуды, әншілер би билесе, бишілер ән айтып, ансамбль құрамындағыларға актерлік шеберлік танытуды талап етеді екен. Себебі, тек жан-жақты өнер көрсету арқылы ғана дәстүрлі өнердің бар қырын көрсетуге болады екен. Дәстүрлі әнші Бибігүл Қилымхан мұндай өзгерістер нағыз өнерпазды қамшылап, жетілдіре түсетінін айтты.

«Мұндай өзгерістер мүлдем қиындықтар туғызған жоқ. Біздің әртістер ерекше құлшыныспен кірісті. Нағыз қазақ әртісі сегіз қырлы, бір сырлы болуы тиіс қой. Сондықтан жаңалығы көп ерекше қойылымымыз көрерменнің ыстық ықыласына бөленеді деп сенеміз», – деді әнші.

Кештің арнайы қонақтары, ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов, Мәдениет және спорт министрлігі, Мәдениет комитетінің төрағасы Ақан Әбдуали бастаған 100-ге жуық делегацияның құрметіне орай ұйымдастырылған ән шашу кеші әлі де жалғасып, репертуарға қосылатын болды.

МЕРЕЙ

Ұстазға құрмет көрсетілді



Алатау ауданына қарасты №152 мектеп-гимназияда ұзақ жыл қызмет еткен ардақты ұстаз Қанат Ахманды әріптестері құрметті демалысқа шығарып салды. Қаламыздың эпидемиологиялық жағдайына байланысты бұл іс-шара шағын топтың басқосуымен, барлық санитарлық ережеге сай өтті.

«Тарих» қоғамдық бірлестігі кафедрасының меңгерушісі Гауһар Шәбденова көпшілікке Қанат Ноянбайұлының өмірбаянын таныстырды. Қанат Ахман 1978 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының тарих факультетін бітірген соң Кеген ауданы, Ұзынбұлақ ауылындағы Ыдырыс Көшкінов атындағы орта мектепте ұстаздық қызметін бастады. Ауыл мектебінде 17 жыл еңбек етіп, тарих және қоғамтану пәнінен сабақ береді. Білім ордасындағы кәсіподақ комитетінің төрағасы болды. Ұстаздық қызметтен мектеп директорына дейін көтерілді. 2006 жылы Алматы қаласына қоныс аударып, №156 орта мектепке орналасады. Кейін «Ұлжан» ықшамауданындағы №152 мектеп-гимназиясына ауысып, жұмысын жалғастырады. Жұбайы Әлия Жұматаева да осы білім ұясында 20 жыл еңбек етіп, қазір зейнет демалысында.

Аталған мектеп-гимназияның директоры Рима Сабыржанқызы, оқу ісінің меңгерушісі Гүлмира Нүсіпова, кәсіподақ ұйымының төрайымы Сымбат Тәжібаева ардақты ұстазға естелік сыйлық пен құттықтау хатын табыс етті. Қанат Ноянбайұлы өзіне құрмет көрсеткен білім ұясының ұжымына ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, дәл осы күні мектеп ұжымы дүниеге 11 бала әкелген Батыр ана, ұлағатты ұстаз Базаркүл Бегенованы да зейнет демалысына шығарып салды.

А.САМИҒОЛЛАҰЛЫ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Төрехан
ДАНИЯРОВ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

20.15	«Вечерний Ургант» 16+
21.30	«Наедине со всеми» 16+
22.15	«Время покажет» 16+
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» 16+
0.40	«Мужское / Женское» 16+

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Максим Аверин, Денис Рожков, Мария Болтнева, Виктория Тарасова в детективном сериале «ГЛУХАРЬ». «Контроль», «Опасный возраст» (начало). «Сегодня».
10.00	Сериал. «ГЛУХАРЬ». «Опасный возраст» (продолжение), «Авария», «Герой?»
10.25	«Сегодня».
13.00	Премьера. Константин Стрельников, Ирина Шеянова, Кирилл Ковбас, Сергей Иванов в сериале «КРАСНАЯ ЗОНА». 51-я и 52-я серии.
13.25	Валерий Николаев, Максим Дрозд, Игорь Верник, Максим Щеголев, Надежда Бахтина в остросюжетном сериале «ОДИНОКИЙ ВОЛК». 6-я серия.
15.00	«Сегодня».
16.00	«Чрезвычайное происшествие».
16.30	Михаил Тарабукин, Светлана Устинова, Андрей Быванов, Татьяна Ткач в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬВЯВОЛЫ. СУДЬБЫ-2». «Наследник».
17.00	«Сегодня».
19.00	Премьера. Сериал «ДУШЕГУБЫ». 1-я и 2-я серии.
19.45	Сериал «ЧУЖОЕ ЛИЦО» (ШАМАН. ЧУЖОЕ ЛИЦО). «Против правил».
21.50	«Сегодня».
23.55	Юлия Галкина, Татьяна Лянник, Мария Бортник, Иван Рыжиков в остросюжетном сериале «ПРОСНЁМСЯ ВМЕСТЕ?». «Обручальное кольцо», «Пуля».
2.00	Олег Харитонов, Олег Филиппчик, Юрий Брешин, Владимир Никитин в детективном сериале «ПАУТИНА-5». «Коллекционер».
5.40	«Поедем, поедим!».

СЕЙСЕНБІ 13 ШІЛДЕ

1 ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро»	6+
5.00	Новости	
5.05	Телеканал «Доброе утро»	6+
6.15	«Пусть говорят»	16+
7.15	«Жить здорово!»	16+
8.05	«Модный приговор»	6+
9.00	Новости	
9.25	«Время покажет»	16+
12.00	Новости (с субтитрами)	
12.30	«Давай пообщимся!»	16+
13.20	«Мужское / Женское»	16+
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)	
15.40	«На самом деле»	16+
16.50	«Пусть говорят»	16+
18.00	«Время»	
18.30	Премьера. «Старушки в бегах».	
	Новые серии	12+
20.15	«Вечерний Ургант»	16+
21.30	«Наедине со всеми»	16+
22.15	«Время покажет»	16+
0.00	Новости	
0.05	«Время покажет»	16+
0.40	«Мужское / Женское»	16+

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Максим Аверин, Денис Рожков, Мария Болтнева, Виктория Тарасова в детективном сериале «ГЛУХАРЬ». «Сестра», «Сутки» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «ГЛУХАРЬ». «Сутки» (продолжение), «Корпоратив», «Прах к праху».
13.00	«Сегодня».
13.25	Премьера. Константин Стрельников, Ирина Шеенова, Кирилл Ковбас, Сергей Иванов в сериале «КРАСНАЯ ЗОНА». 53-я и 54-я серии.
15.00	Валерий Николаев, Максим Дрозд, Игорь Верник, Максим Шоголев, Надежда Бахтина в остросюжетном сериале «ОДИНОКИЙ ВОЛК». 7-я серия.
16.00	«Сегодня».
16.30	«Чрезвычайное происшествие».
17.00	Михаил Тарабукин, Светлана Устинова, Андрей Биланов, Татьяна Ткач в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СУДЬБЫ-2».
19.00	«Тренер».
19.45	«Сегодня».
21.45	Премьера. Сергей Марин, Сергей Чирков, Александр Самоilenко, Александр Карпов в детективном сериале «ДУШЕГУБЫ». 3-я и 4-я серии.
23.55	Алексей Кравченко, Валерий Соловьев, Наталья Ткаченко, Антон Момот в детективном сериале «ЧУЖОЕ ЛИЦО» (ШАМАН. ЧУЖОЕ ЛИЦО). «Незваный гость».
0.05	«Сегодня».
2.00	Юлия Галкина, Татьяна Лянник, Мария Бортник, Иван Рыжиков в остросюжетном сериале «ПРОСНЁМСЯ ВМЕСТЕ?». «Махнёмся, не глядя?», «Опасные дороги».
5.40	Олег Харитонов, Олег Филиппич, Юрий Брешин, Владимир Никитин в детективном сериале «ПАУТИНА-5». «Боец» (заключительная серия). «Их ноувы».

СӘРСЕНБИ 14 ШІЛДЕ

1 ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» 6+
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» 6+
6.15	«Пусть говорят» 16+
7.15	«Жить здорово!» 16+
8.05	«Модный приговор» 6+
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» 16+
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» 16+
13.20	«Мужское / Женское» 16+
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» 16+
16.50	«Пусть говорят» 16+
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Старушки в бегах»
	Новые серии 12+
20.15	«Вечерний Ургант» 16+
21.30	«Наедине со всеми» 16+
22.15	«Время покажет» 16+
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» 16+
0.40	«Мужское / Женское» 16+

 НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Максим Аверин, Денис Рожков, Мария Болтнева, Виктория Тарасова в детективном сериале «ГЛУХАРЬ». «Падение оборотня» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «ГЛУХАРЬ». «Дело оборотня» (продолжение), «Кукушка», «Закон суров, но это закон».
13.00	«Сегодня».
13.25	Премьера. Константин Стрельников, Ирина Шеянова, Кирилл Ковбас, Сергей Иванюк в сериале «КРАСНАЯ ЗОНА». 55-я и 56-я серии.
15.00	Валерий Николаев, Максим Дрозд, Игорь Верник, Максим Шеголев, Надежда Бахтина в остроумном сериале «ОДИНОКИЙ ВОЛК». 8-я серия.
16.00	«Сегодня».
16.30	«Чрезвычайное происшествие».
17.00	Михаил Тарабукин. Светлана

Устинова, Андрей Биланов, Татьяна Ткач в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СУДЬБЫ-2».

«Пропавший» (заключительная серия)

«Сегодня».

Премьера. Сергей Марин, Сергей Чирков, Александр Самойленко, Александр Карпов в детективном сериале «ДУШЕГУБЫ». 5-я и 6-я серии.

Алексей Кравченко, Валерий Соловьёв, Наталья Ткаченко, Антон Момот в детективном сериале «ЧУЖОЕ ЛИЦО» (ШАМАН. ЧУЖОЕ ЛИЦО).

«Тихий час».

«Сегодня».

Юлия Галкина, Татьяна Лянтан, Мария Бортник, Иван Рыжиков в остросюжетном сериале «ПРОСНЕМСЯ ВМЕСТЕ?», «Крылья», «Скелет в шкафу».

Олег Харитонов, Олег Филиппик, Юрий Брешин в детективном сериале «ПАУТИНА-6». «Чёрные тюльпаны».

«И снова здравствуйте!»

БЕЙСЕНБІ 15 ШІЛДЕ

1 ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» 6+
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» 6+
6.15	«Пусть говорят» 16+
7.15	«Жить здорово!» 16+
8.05	«Модный приговор» 6+
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» 16+
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай пообщимся!» 16+
13.20	«Мужское / Женское» 16+
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» 16+
16.50	«Пусть говорят» 16+
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Старушки в бегах».
	Новые серии 12+
20.15	«Вечерний Ургант» 16+
21.30	«Наедине со всеми» 16+
22.15	«Время покажет» 16+
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» 16+
0.40	«Мужское / Женское» 16+

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Максим Аверин, Денис Рожков, Мария Болтнева, Виктория Тарасова в детективном сериале «ГЛУХАРЬ». «Грехи отцов», «Коль» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «ГЛУХАРЬ». «Коль» (продолжение), «Доверие», «Чугун».
13.00	«Сегодня».
13.25	Премьера. Константин Стрельников, Ирина Шеянова, Кирилл Ковбас, Сергей Иванюк в сериале «КРАСНАЯ ЗОНА». 57-я и 58-я серии.
15.00	Сериал «ОДИНОКИЙ ВОЛК». 9-я серия.
16.00	«Сегодня».
16.30	«Чрезвычайное происшествие».
17.00	Олег Чернов, Серафима Низовская, Олег Алмазов, Сергей Мардарь в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДУБОВЫ». СМЕРЧ. СУДЬБЫ». «Секретная миссия».
19.00	«Сегодня».
19.45	Премьера. Сергей Марин, Сергей Чирков, Александр Самоиленко, Александр Карпов в детективном сериале «ДУШЕГУБЫ». 7-я и 8-я серии.
21.45	Сериал «ЧУЖОЕ ЛИЦО» (ШАМАН. ЧУЖОЕ ЛИЦО). «Разрешающая способность».
23.55	«Сегодня».
0.05	Юлия Галкина, Татьяна Лянник, Мария Бортник, Иван Рыжиков в остросюжетном сериале «ПРОСНЁМСЯ ВМЕСТЕ?». «БЗЗЗ!», «Флешка».
2.05	Олег Харитонов, Олег Филиппик, Юрий Брешин в детективном сериале «ПАУТИНА-6». «Невидимые нити».

ЖҰМА
16 ШІЛДЕ

1 ПЕРВЫЙ КАНАЛ

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».

8.25	Максим Аверин, Денис Рожков, Мария Болтнева, Виктория Тарасова в детективном сериале «ГЛУХАРЬ». «Судьба», «Жалость» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «ГЛУХАРЬ». «Жалость» (продолжение), «Ошибки следователя Агапова», «Братская любовь».
13.00	«Сегодня».
13.25	Премьера. Константин Стрельников, Ирина Шеянова, Кирилл Ковбас, Сергей Иванюк в сериале «КРАСНАЯ ЗОНА». 59-я и 60-я серии.
15.00	Валерий Николаев, Максим Дрозд, Игорь Верник, Максим Щеголев, Надежда Бахтина в острогожетном сериале «ОДИНОКИЙ ВОЛК». 10-я серия.
16.00	«Сегодня».
16.30	«Чрезвычайное происшествие».
17.00	Владимир Ярош, Эмилия Сливас, Владислав Резник, Екатерина Решетникова в острогожетном сериале «МОРСКИЕ ДЬВЯВОЛЫ. СМЕРЧ. СУДЬБЫ». «Вне закона».
19.00	«Сегодня».
19.45	Премьера. Сергей Марин, Сергей Чирков, Александр Самойленко, Александр Карпов в детективном сериале «ДУШЕГУБЫ». 9-я серия, 10-я серия (заключительная).
21.40	Алексей Кравченко, Валерий Соловьёв, Наталья Каченко, Антон Момот в детективном сериале «ЧУЖОЕ ЛИЦО» (ШАМАН. ЧУЖОЕ ЛИЦО). «Замок с секретом».
23.55	Юлия Галкина, Татьяна Лянник, Мария Бортник, Иван Рыжиков в острогожетном сериале «ПРОСНЁМСЯ ВМЕСТЕ?». «Утечка», «Семья».
1.45	Олег Харитонов, Олег Филиппик, Юрий Брешин в детективном сериале «ПАУТИНА-6». «Сон разума».
5.20	«НашПотребНадзор».

НТВ-МИР

2.00	Телеканал «Доброе утро»	6+
5.00	Новости	
5.05	Телеканал «Доброе утро»	6+
6.15	«Пусть говорят»	16+
7.15	«Жить здорово!»	16+
8.05	«Модный приговор»	6+
9.00	Новости	
9.25	«Время покажет»	16+
12.00	Новости (с субтитрами)	
12.30	«Давай поженимся!»	16+
13.20	«Мужское / Женское»	16+
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)	
15.40	«На самом деле»	16+
16.50	«Поле чудес»	16+
18.00	«Время»	
18.30	Премьера. Музыкальный фестиваль «Жара». Открытие. Гала-концерт	12+
20.25	«Вечерний Ургант»	16+
21.15	Документальный фильм «Том Круз: Вечная молодость»	16+
22.10	Владимир Яглыч, Павел Деревянко, Ксения Теплова, Наталья Бардо, Анна Михайловская в комедии «Ночная смена»	18+
23.45	Алексей Воробьев, Тимофей Кратаев, Пётр Томашевский, Агния Кузнецова, Пётр Фёдоров в фильме «Фобос»	16+
1.10	«Наедине со всеми»	16+
1.50	«Модный приговор»	6+

СЕНБІ 7 ШІЛДЕ

1 ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Телеканал «Доброе утро» 6+
6.45	«Слово пастыря» 6+
7.00	Новости
7.30	«На дачу!» с Наташей Барбье 6+
8.20	«Видели видео?» 6+
9.00	Новости
9.05	«Видели видео?» 6+
10.30	Ко дню рождения Михаила Пуговкина. «Боже, какой типаж!» 12+
11.20	Ко дню рождения Пелагеи. «Честное слово» 12+
11.55	Концерт Пелагеи «Вишневый сад» 12+
13.20	«Кто хочет стать миллионером?» с Дмитрием Дибровым 12+
14.35	«Тульский Токарев. Он же ТТ» 16+
15.30	«Сегодня вечером» 16+
18.30	«Время»
18.50	Олимп-Суперкубок России по футболу. «Зенит» (Санкт- Петербург) - «Локомотив» (Москва). Прямой эфир из Калининграда
21.00	Экранизация романа Агаты Кристи «Испытание невиновностью». 1-я серия 16+
22.30	Юбилей группы «Цветы» в Кремле 12+

0.25 Фёдор Бондарчук, Ольга
Сутулова, Оксана Фандера в
фильме «Про Любофф» 16+

НТВ-МИР

6.10	Сериал «МУХТАР НОВЫЙ СЛЕД», «Зажим», «Кавалер».
8.00	«Сегодня».
8.20	«Их нравы».
8.55	«Кто в доме хозяин?»
9.35	«Готовим с Алексеем Зиминым».
10.00	«Сегодня».
10.20	«Поедем, поедем!»
11.00	«Главная дорога» (дайджест).
11.35	«Живая еда» с Сергеем Малоозымовым».
12.30	«Квартирный вопрос».
13.30	«Физруки. Будущее за настоящими».
14.15	«Своя игра».
16.00	«Сегодня».
16.25	«Следствие вели...»
19.00	«Сегодня».
19.25	Премьера. Андрей Чубченко в детективном сериале «СТАЖЕРЫ». 1-я - 4-я серии.
23.35	Никита Панфилов в детективном сериале «ПЁС». «Хакер», «Пейнтбол».
1.55	Олег Харитонов, Олег Филиппчик, Юрий Брешин, Владимир Никитин в детективном сериале «ПАУТИНА-6». «Контракт на смерть».
5.30	«Александр Журбин. Мелодии на память».

ЖЕКСЕНБІ 18 ШІЛДЕ

1 ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Новости
3.10	Александр Домогагов в фильме «Белая ночь, нежная ночь...» 16+
4.45	«Играй, гармонь любимая!» 12+
5.20	«Часовой» 12+
5.50	«Здоровье» 16+
6.45	«Непутёвые заметки» с Дм. Крыловым 12+
7.00	Новости
7.25	Жанна Бадоева в проекте-путешествии «Жизнь других» 12+
8.10	«Видели видео?» 6+
9.00	Новости
9.10	«Видели видео?» 6+
10.20	Вера Глаголева, Виктор Проскурин в фильме «Выйти замуж за капитана» 12+
11.50	Премьера. «Суровое море России» 12+
13.25	К 65-летию Любови Казарновской. «У моего ангела есть имя» 12+
14.10	«Григорий Лепс. По наклонной вверх» 12+
14.55	Премьера. Международный музыкальный фестиваль «Белые ночи Санкт-Петербурга». «Григорий Лепс собирает друзей» 12+
16.25	«Три аккорда». Новый сезон 16+
18.00	«Время»
19.00	Премьера. «Dance Революция» 12+
20.35	Экранизации романа Агаты Кристи «Испытание невиновностью». 2-я серия 16+
22.05	Светлана Естинова, Анна Чипловская, Евгений Цыганов, Михаил Ефремов, Светлана Ходченкова в фильме «Блокбастер» 16+
23.30	Сергей Маховиков, Анна Тараторкина, Сергей Баталов, Дмитрий Муляр, Владимир Меньшов в фильме «Ноль-седьмому» меняет курс» 16+
1.10	«Наедине со всеми» 16+

НТВ-МИР

6.05	«У нас выигрывают!» Лотерейное шоу.
8.00	«Сегодня».
8.25	«Я Judeю».
9.30	«Едим дома».
10.00	«Сегодня».
10.20	«Медиаинские тайны».
10.40	«Первая передача» (дайджест).
11.15	«Чудо техники».
12.10	«Дачный ответ».
13.15	«НашПотребНадзор».
14.15	«Однажды...» (дайджест).
15.05	«Кремлёвские дети». «Наталья Екова. Приёмная дочь палача».
16.00	«Сегодня».
16.25	«Следствие вели...»
19.00	«Сегодня».
19.40	Премьера. Андрей Чубченко в детективном сериале «СТАЖЕРЫ». 5-я - 8-я серии.
23.55	Никита Панфилов в детективном сериале «ПЁС». «Сердцем чую», «Чистильщик».
2.05	Олег Харитонов, Олег Филипчик, Юрий Брешин, Владимир Никитин в детективном сериале «ПАУТИНА-6». «Синтетика».
5.40	«Их нынче».

Айым
НҮРМАН

ІШКІ ТУРИЗМ білікті маман тапшылығынан тұралап тұр

Жақында Шарын шатқалы мен Сайрам-Өгем ұлттық табиғи паркінде болған қайғылы оқиғалар туризм саласында білікті гидтер мәселесі маңызды екенін дәлелдеді.

Алматы – еліміздегі басты туризм қаласы. Жыл сайын Ала-таудың әсем табиғатын тамашалауға туристер ағылып келеді. Қалалықтардың өзі қарбастан бір сәт демалу үшін тауға, табиғат аясына асығып тұрады. Ал олардың саяхатын сапалы ұйымдастыру мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету – кезек күттірмейтін мәселе. Осы орайда, елімізде туризм саласына білікті гидтер мен экскурсия жетекшілері жетіспейді. Қазір онсыз да жоғары білімді, кәсіби мамандар санаулы. Қазақстан туристер қауымдастығының мәліметіне сүйенсек, пандемияға дейін елдің ішкі туризм саласында 2 мыңға жуық жекелеген компания мен кәсіпкерлер жұмыс істеген екен. Ал соңғы бір жылдың ішінде бұл көрсеткіш екі есеге азайған.



Гүлзира ҚАСЫМБЕК,
туристік компанияның қызметкері:

БІЛІКТІЛІГІ МАҢЫЗДЫ

Қазіргі кезде адамдар өз бетінше тур ұйымдастыруға құмар. Көбінің дипломы да, сертификаты да жоқ. Сондықтан саяхаттаушылар тур мен гид таңдау кезінде олардың біліктілігіне жіті назар аударғаны жөн. Гид-экскурсоводтарға қойылатын арнайы талаптар бар. Тіл білуден бөлек, гидтер сол өлкенің тау-тасын, табиғи ерекшелігін жақсы білуі маңызды. Яғни қауіптің алдын алу гид пен тур жетекшілерінің сауаттылығына да байланысты. Жалпы, білікті гид үшін табиғат пен тарихты білу аздық етеді. Олар қауіпсіздік ережелерін жақсы меңгеріп, алғашқы медициналық көмек көрсете алуы керек. Осы орайда, сапалы қызмет көрсетудің құны да арзан болмайтынын ескерген абзал.

Наргиза АЛТАЙ,
жеке кәсіпкер:

ТҰРАҚТЫ ТАБЫС ЖОҚ

Мен туризм мамандығына өз қалауыммен түсіп, жақсы үлгеріммен аяқтап шыққанмын. Білім алып жүрген кездері қызығушылығым өте жоғары болды. Грузия, Түркия елдеріне саяхаттау арқылы тәжірибем толыға түсті. Бірақ кейін жұмысқа орналасатын кезде кедергілер көбейіп, туризм саласынан кетуге тура келді. Басты себеп – бұл жұмыстан жыл бойы тұрақты табыс табуға мүмкіндік жоқ. Көп таныстарым да сол үшін басқа салаға ауысып кетті. Тұрақсыздықтың себебінен арнайы оқу бітіріп, диплом алған жастар бұл саладан қашады. Сондықтан да елімізде білікті туризм мамандары мен тәжірибелі экскурсия жетекшілері өте аз.

Аслан ҚОҢЫРХАНОВ,
Қалалық туризм басқармасының өкілі:

БІЛІМІН ДЕ, БЕДЕЛІН ДЕ КӨТЕРУ КЕРЕК

Қазір ресми түрде тіркелген, сертификаты бар гидтердің басым көпшілігі – үлкен кісілер. Жастар ішкі туризмнен гөрі шет елге талпынады. Білікті мамандар өте аз. Бүгінгі күні гидтер мен экскурсоводтардың білімін жетілдіру мен беделін көтеру қажеттілігі туындап тұр. Біз бұл мақсатта іс-шаралар өткізіп тұрамыз. Осы жылы 16 гид таңдалып алынды. Олардың Алматыдағы кез келген туристік нысандарға кіре алатын мүмкіндігі бар. Әрі кәсіби біліктілігін шыңдап отырамыз. Эпидемиологиялық ахуал жақсарса, елімізге келетін шетелдік туристердің саны арта түсетіні анық. Сондықтан біз сапалы қызмет көрсетуді жолға қоюымыз керек. Биыл Туризм басқармасы туристерді тауға апарумен айналысатын гидтердің және экскурсия жетекшілерінің сертификаттарын тексеріп, дайындығын пысықтауды қатаң түрде қолға алды. Жақында Шарын шатқалында болған жағдай бұл мәселеге атүсті қарамауды көрсетті. Сондықтан тауға барар алдында дәрежесі бар, сертификатталған гидтерді таңдауға кеңес береміз. Қазіргі қауіп-қатерлердің көбі сертификаты жоқ, біліктісіз мамандарға жүгінудің салдарынан туындауда.

АПТАЛЫҚ ЖҮЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ (8 – 15 шілде, 2021 жыл)

ТОҚТЫ

Егер сіз күш-жігеріңізді жинап, бір арнаға құйсаңыз, кез келген проблемалық жағдайдан шыға аласыз. Осы кезеңде ерекше сақ болыңыз, бекер тәуекелге бармаңыз. Апта соңында қыдыруды азайтып, отбасыңызға көңіл бөлгеніңіз жөн.

ТОРПАҚ

Белсенді іс-қимылдарға, батыл шешімдерге іштей дайын жүріңіз. Осы аптада сізге тәуекелге баруға тура келеді. Қолдауды ет жақын адамдардан табасыз. Жексенбіде жоспарларыңызды бұзуы мүмкін қияли достардан аулақ болыңыз.

ЕГІЗДЕР

Аптаның басында сіз кез келген мәселені шеше аласыз. Екінші жартысымен қарым-қатынаста барынша жомарт болыңыз. Сейсенбі-бейсенбі күндері сіздің айналаңыздағы адамдарға деген ықпалыңыз артады. Демалыс күндерін тыныш өткізіңіз.

ШАЯН

Сізді махаббат хикаясы күтеді. Ал жұмыста барынша сақ болыңыз, сіз туралы өсек айтылып, айналаңызда шиеленіс басталады. Аптаның соңында адамдарға сенім артпаңыз. Демалыс күндері жаңа іспен айналысып көрген жөн.

АРЫСТАН

Дүйсенбіде жақындарыңызға ерекше назар аударуға тырысыңыз. Күтпеген жерден басталған махаббат сезімі қуанышқа бөлейді. Аптаның екінші жартысында көптеген жұмыс күтіп тұр, барлық бастамалар сәтті болады.

БИКЕШ

Қажетсіз байланыстардан аулақ болыңыз. Жақындарыңызбен жиі уақыт өткізіңіз, қазір отбасылық мерекелер үшін жайлы уақыт. Демалыс күндері жақын адамыңызбен қарым-қатынас салқындауы мүмкін, ашуланбаңыз, бұл жайт ұзаққа созылмайды.

ТАРАЗЫ

Мол ақшаның артынан қумаңыз. Сіздің сүйкімділігіңіз бен шешендігіңіз кішкентай отбасылық қақтығыстарды шешу үшін пайдасын тигізеді. Жексенбіде тағдыр жағымды тосын сый жасап, асқақ арманыңыз орындалады.

САРЫШАЯН

Жағдайды байсалды бағалаңыз, эмоцияларға бой алдырмаңыз. Сәрсенбі-бейсенбі күндері қымбат зат сатып алуыңыз мүмкін. Аптаның соңында жақын адамдармен қақтығыстар болады. Салқынқанды болып, жағдайды сырттан қарауға тырысыңыз, мәселе өзі-ақ шешіледі.

МЕРГЕН

Дүйсенбіде ішкі түйсікке ерекше назар аударыңыз, сізге қауіп туралы ескертілуі мүмкін. Сейсенбі-бейсенбі күндері идеялар пайда болады, оларды сәтті жүзеге асыра отырып, сіз басқалардың көз алдында өресіз. Демалыс күндері туыстарыңызға барыңыз.

ТАУЕШКІ

Батыл болыңыз, сонда кез келген мәселенің шешімін табасыз. Аптаның ортасында саяхаттауға жақсы мүмкіндік болады, сіз керемет демалып қаласыз. Өзіңізге қажетті затты сатып алыңыз. Демалыс күндері достар көмек сұрайды, бас тартпаңыз.

СУҚҰЙҒЫШ

Аптаның басында сізге салқынқандылық пен төзімділік қажет. Сенбіден бастап іске кірісуге болады, бастысы – бәріне жеңіл қарап, бірақ оқиғаларды асықтырмау. Жұма күні жағымсыз адамдардан сақ болыңыз. Жексенбіде кішігірім авантюра күтпеген жеңіске жеткізеді.

БАЛЫҚТАР

Шамадан тыс амбиция алға жылжуға кедергі келтіруі мүмкін, алдыңызға тек нақты орындалатын мақсат қойыңыз. Аптаның ортасында сіз сәттілік шыңында боласыз. Жұма-сенбі күндері қызметіңіз ауысуы мүмкін. Барлық өзгерістер тиімді болады.

«КУКАРТ-XV» ЖҮЛДЕСІН АЛДЫ

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Мемлекеттік Қуыршақ театры Санкт-Петербург қаласында өткен «КУКАРТ-XV» қуыршақ және синтетикалық театрлар фестиваліне офлайн түрде қатысып, режиссері Д.Жұмабаева қойған ағылшынның ұлы драматургі, ақын Уильям Шекспирдің әйгілі «Ромео мен Джульетта» оқиғасын суреттейтін спектаклімен додаға түскен болатын. Аталмыш шарадан «Уильям Шекспир шығармасының қазақ тіліндегі ерекше оқылымы» атты номинациясымен марапатталды.

Еске сала кетсек, аталмыш қойылымдағы басты кейіпкерлер Ромео мен Джульеттаны сахналау үшін жас өнерпаздар, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының

«Драма актері» мамандығының 3-курс студенттері Ғалым Амангелдіұлы мен Салтанат Төребай 50-ге жуық жас таланттар бақ сынаған кастингтен арнайы өтіп, театрдың көркемдік кеңесі мүшелері әрі режиссер шешімімен басты рөлдерге бекітілген болатын. Жастар сенімді ақтады.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861, 50 теңге, // 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге, // 5 айға – 2202, 50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

Мемлекеттік қызметшілердің этикасы

Мемлекеттік қызметшілермен көпшілік функцияларын дұрыс сенімді және лайықты орындау үшін тәртіптің алғашқы стандарттары Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік этика Ережесін бекіту туралы 1997 жылғы 16 маусымдағы №3542 Жарлығымен белгіленген болатын. Қызметтік этика Ережелеріне сәйкес мемлекеттік қызметке келуде қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенімділік білдіріледі.

Мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан білдірілген ерекше сенім болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне, этикасы мен моральдық бейнесіне, іскерлік қасиетіне жоғары талаптар қояды. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Демек, адамдар арасында осы қызметші туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген айқын сенімділік қалыптасуы қажет. Мұндай сенім мен құрметке жету оңай емес. Бұл үшін бір ғана кәсіби білімділік пен білгірлік жеткіліксіз, одан басқа қызметшінің жеке мінез-құлық мәселесі және бар. Яғни қызметшінің кәсібилік деңгейі мен жоғары моральдық адамгершілік қасиеттері қатар тұру керек.

Этика – адамдар арасындағы қарым-қатынастылықты, өзін-өзі ұстай білуді реттейтін талаптар, өнегелік пен мораль жайындағы ілім. Жұмысқа орналасушы мен жұмыс беруші және жұмыс орнында өзін-өзі ұстаудың философиялық әдісі. Этика туралы сөз қозғағанда, алдымен жұмыс беруші, жұмыс орнының басшысы көзге түседі. Қарамағындағы қызметкер бастықтың тарапынан ілтипат пен сыйластықты сезінуі қажет. Егер қарамағындағы қызметкердің пікірі қате болса, оны дәлелді және әдептілікпен айту қажет.

Қарамағындағы қызметкерге жолдастарының, әсіресе, бөгде адамдардың алдында ұрсуға болмайды. Жасалған теріс қылыққа байланысты қарамағындағы қызметкерге кез келген ескерту оның арнамысына тигізбей жеткізілуі керек. Басшы қарамағындағы қызметкерлермен қарым-қатынаста өзін бірқалыпты ұстауы қажет, кез келген жағдайда сабырлылығын жоймауы тиіс. Объективті және әділ болуы керек, біржақтылыққа жол бермеуі және өзін сыпайы және әдепті ұстауы қажет. Басшы білім деңгейі жоғары, қоластындағылардың жанын түсіне білетін, өз жұмысын өте жақсы біліп қана қоймай, жұмысшыларына дұрыс бағыт-бағдар беріп, қолынан келгенше көмектесе білуі керек. Жұмыстағы басты талап – өзіне берілген тапсырманы тиянақты аяқтап, үйдегі мәселелерді жұмысқа әкелуге, ол туралы айтып отыруға болмайды. Жұмыстағы тәртіп ең алдымен басшыға байланысты. Сол үшін басшы моральдық жағынан мықтырақ болуы керек. Кеңседе орын алған келеңсіздікке таразы басын тең ұстап, салмақты шешім қабылдай білуі шарт.

Мемлекеттік қызметшіге қажет бір қасиет – тыңдай білу. Тыңдай білу сөйлеушінің сөзін бөлмей мақұлдау ғана емес, оның ойына, сезіміне ортақтасу. Сөйлеп отырған адамға тыңдаушының бет құбылысы: бейтарап отыр ма, жалығып кетті ме, әлде қызығып, көмектесуге дайындалуда ма, бәрі әсер етеді. Жиналыс кезінде сөйлеушінің көзіне қарап, тыңдап отырғаныңды білдіру керек. Өріптесің сөйлеп жатқан уақытта телефонмен сөйлесіп немесе аяқкиіміңіздің бауын байлау дұрыс болып саналмайды. Түсініп отырғаныңызды сездіру үшін «иә», «дұрыс» деген сынды сөздер қосып отыру керек. Сонда ғана сөйлеуші де, тыңдаушылардың барын сезініп, өзіне нық сенімді түрде айтар ойын еркін жеткізетін болады. Айтар ойыңыз болатын болса, сөйлеушінің сөзін аяқтауын күту қажет. Сөйлеп болғасын, басшылықтан рұқсат алып, сөз сөйлеу керек.

Этикеттің маңызды құрамының бірі – өзінің сырт келбетіне қарау болып табылады. Жұмысқа келген әрбір қызметкер талапқа сай киінуі де шарт. Жылтырақ, тым ашық түсті киім кию жұмыстағы киім кино әдебіне жат. Классика және аса назар аудартпайтын түстегі киім болғаны жөн. Спорттық, жеңіл киім киюде дұрыс емес.

Жұмысқа келгенде амандасу басты қағида. Корей елінде ер мен ер, ер мен әйелдер бір-біріне басын изеп амандасады. Үнді елінде екі алаканын бір-біріне қосып, басын изеп амандасады. Біздің елімізде ер азаматтар бір-біріне қол алысып амандасса, әйел азаматшалар өз қалауларына қарай амандасады. Амандасып болғасын, сөйлесу мәдениетін де естен шығармаған жөн.

Мемлекеттік мекемеде белгіленген мәдениетті сақтау одан аспау міндетті болып саналады.

Г.МЫРЗАЛИЕВА,
Алматы қаласының Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы.

«Алматы электр станциялары» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 57-2-бабының талаптарына сәйкес «Энергетика саласындағы жобалау жөніндегі инженерлік және осыған ұқсас жұмыстар: А. Жақұтов атындағы 2-ЖЭО КҚК әзірлей және орналастыра отырып, №1 секцияны күрделі жөндеу. Түзету» жұмыс жобасына қатысты «Қоршаған ортаға тигізетін әсерді бағалау» жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаудың өткізілетіндігін хабарлайды. Қоғамдық тыңдау 09.08.2021 жылы сағат 11.00-де БКБ режимінде өткізіледі.

БКБ-ге сілтеме:
<https://us02web.zoom.us/j/85046143487?pwd=U0xMV20zMW5QRGRVZCtLbVB0bGhPZz09>,
Конференция сәйкестендіргіші: 850 4614 3487
Кіруге мүмкіндік беретін код: 039818
Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастырушы: Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы.

ТЭН-ге тапсырыс беруші: «Алматы электр станциялары» АҚ, тел: +7 (727) 254 03 31.

Бас жобалаушы: «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС, тел: (718) 251-24-86.
Сараптама жүргізетін мемлекеттік орган: «Мемсараптама» РМҚ.
Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 57-2 бабы 3-тармағына сәйкес жобалық құжаттамамен «Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы» КММ-ның <http://www.gov.kz> және «АлЭС» АҚ-ның <http://www.ales.kz> сайттарынан көре аласыздар.

Мүдделі жұртшылықтың құжаттамаға арналған ескертулері және (немесе) ұсыныстары (бар болған жағдайда) қоғамдық тыңдауларды жүргізетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешікпейтін мерзімде e-mail: zarzyukova@ales.kz, too.si@mail.ru. электрондық мекенжайлары арқылы қабылданады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгеніңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 292-74-21; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Асқар ҚҰБАЙЖАНОВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Оффсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



Санақты өткізу процесін автоматтандыру және оған заманауи сандық технологияларды енгізу – 2021 жылғы Ұлттық санақтың басты жаңалығы.

Биыл азаматтарға сауалнама парақтарын онлайн-режимде өз бетінше толтыру немесе үй-үйді аралау кезінде офлайн толтыру мүмкіндіктері ұсынылуда.

1 қыркүйектен бастап sanaq.gov.kz арнайы сайты жұмысын бастайды. Мұнда қазақстандықтар 15 қазанға дейін онлайн-режимде санаққа қатысты барлық сұрақтарға жауап бере алады.

Дәстүрлі жалпы аралау 1–30 қазан аралығында жүргізіледі және ол белгіленген мерзім ішінде санақтан онлайн-режимде өтпеген респонденттер арасында жүргізілетін болады. Бұл кезеңнің жаңашылдығы – интервьюерлердің үй аралау кезінде электронды планшеттерді пайдалануы болмақ. Бұл санақ жүргізетін қызметкерлердің еңбек шығынын төмендетуге, мәліметтер сапасына адам факторының ықпалын азайтуға, ЖСН-ін енгізе отырып, санақ мәліметтерінің нақтылық деңгейін арттыруға, қағаз бен кеңселік құралдарды айтарлықтай үнемдеуге, сондай-ақ, интервьюерлер үшін қолайлылық пен олардың жинақылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Санақ кезінде мәліметтер жинау үшін сәйкестендіргіш ақпарат ретінде сауалнамаға қатысушының ЖСН-і қолданылады. Бұл ақпараттың қайталануын болдырмауға мүмкіндік береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

Елімізде осы ұран аясында ұйымдастырылатын жалпыұлттық халық санағы 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында өтеді

ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

САНАҚТАН ҚАЛАЙ ӨТУГЕ БОЛАДЫ

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА

№1 SANAQ.GOV.KZ САЙТЫНДА

№2 ИНТЕРВЬЮЕРДІҢ КЕЛУІН КҮТУ

№3 НҮСҚАУШЫЛЫҚ УЧАСКЕГЕ БАРУ

**№1 ТӘСІЛМЕН САНАҚТАН
ӨТКЕНДЕРҮШІН**
санақтан өткендігі туралы
хабарлама нөмірін
көрсету жеткілікті

**23 000-НАН АСТАМ
ИНТЕРВЬЮЕР**
еліміз бойынша
БАРЛЫҚ тұрғын
үй-жайларды
аралайды

**1 ҚЫРКҮЙЕК - 15 ҚАЗАН
АРАЛЫҒЫНДА**

15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаменті хабарлайды: Мәліметтер тікелей жалпы ақпараттар базасына жіберіледі. Мәліметтердің құпиялылығы заңнамамен кепілдендіріледі.

Интервьюерде, яғни сұхбатшыда:

- мөрмен расталған тиісті куәлік;
- аралайтын нысандардың тізімі бар мобильді қосымшалы планшет;
- Ұлттық халық санағының символикасы бар көк түсті шарф пен портфель болады.

Сұхбатшы туралы қосымша ақпаратты sanaq.gov.kz сайтынан қарауға болады. Онда сұхбатшының тегі, аты, әкесінің аты және оның куәлігінің нөмірі көрсетілген тізім республика бойынша орналастырылған. Сонымен қатар, мобильді және стационар телефондары үшін бірыңғай нөмірі 1446 және 8 8000 800 878 call-орталығына қоңырау шалу арқылы ақпарат алуға болады.

ЦИРКТЕ КЕЗДЕСКЕНШЕ!



Айым
НҮРМАН

Ұзақ уақыт карантиннен кейін бірінші рет Алматы циркі сүйікті көрермендеріне есігін айқара ашты. Қазақ мемлекеттік циркі аты аңызға айналған қазақ балуаны, цирк артисі Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдығына арналған «HELLO CIRCUS» атты жаңа бағдарламасын ұсынды.

Цирктің бұл бағдарламасына Қазақ мемлекеттік циркінің бірегей нөмірлері мен жұлдыздары қатысты. Атап айтсақ, күштік атлет, даршылар, орыс таяқшасындағы гимнасттар, эквилибристер, лопингтегі вольтижер-акробаттары, әуе гимнасттары, үйретілген иттер, аттар! Барлық нөмірлерді көрермендер бір орында тапжылмастан, қол шапалақтап қызыға тамашалайды.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Дүниежүзілік каскадерлер академиясының (АҚШ) «Таурус» сыйлығының иегері Ж.Кунгужиновтың жетекшілігімен «Номад» тобы атты-акробатикалық жаттығуларымен көпшілікті тәнті етті. Атты-акробатикалық қойылымда аттың құлағында ойнайтын шабандоз жігіттер балақайлардың жылқы малына деген қызығушылығын оятып, ерекше қошеметке бөленді. Монте-Карлода өткен IX Халықаралық «Жаңа буын» цирк өнері фестивалінің күміс жүлдегері, XX Халықаралық «Шабьт» шығармашыл жастар фестивалінің бірінші орын иегері, «Азия жаңғырығы» VI Халықаралық цирк өнері фестивалінің алтын жүлдегері Анна Демидова өнер көрсетіп, жоғары деңгейде сахналанған қызықты қойылымдармен көрермендерге қуаныш сыйлады. Көрермен демін ішіне тарта отырып тамашалаған қойылымның бірі – танымал қазақстандық спортшы, армрестлингтен халықаралық спорт шебері, экстремалды күштік спорт түрлерінен бірнеше рекордтардың иегері, мас-рестлинг Әлем Кубогінің екінші орын жеңімпазы Тимур Сыпатаевтың қойылымы болды. Ол 25 келі тұратын қылышты оп-оңай сермеп, әртүрлі жаттығулар жасағанда, көрермендер шулап кетті. Одан кейін батырдың төрт жағынан төрт атты келіп, арқанмен тартқан кезде оның нағыз Қажымұқанның ізбасары екеніне көз жеткендей болды. Күш атасы Қажымұқанның жолын жалғап, халықаралық аренада жетістікке жетіп жүрген атлет алғаш рет қала тұрғындарының алдында өнерін көрсетті. Ол осыған дейін 400 келілік түйені көтеріп, рекорд орнатқан болатын.

«Атамыздың 150 жылдығына орай арнайы келіп жатырмыз. Қаншама темірді майыстыру оңай емес, атамыз жасаған трюктар көп. Аталарымыздың салған сара жолын ұрпақ боп жалғастыру – біздің парызымыз», – деді Қазақ мемлекеттік циркінің әртісі Тимур Сыпатаев.

Ал «Белдіктердегі әуе гимнасттары» нөміріндегі қойылымды сахналауда еш қорықпаған қос ару – Ухань қаласында өткен XI Халықаралық цирк өнері фестивалінің күміс жүлдегері, VII Халықаралық «Азия жаңғырығы»



цирк өнері фестивалінің Гран-При иегері Марина Стародубова мен Даяна Жетпісоваға көрермендер шапалақты аямай соқты. Учао мен Уханьдағы Халықаралық цирк өнері фестивалдерінің қола жүлдегері Тимур Коржумбаевтың жетекшілігімен «Үйретілген иттер» нөмірінен кішкентай көрермендердің алған әсері мен қуанышы ерекше болды. Бүлдіршіндер сахнадағы әртістердің өнері мен иттердің кимыл-қозғалысын сүйсіне тамашалайды. Әсіресе, ортаға көңілді сайқымазақтар шыққанда, керемет көңіл күйге кенелді. Балалармен байланыс орнатып, қызықты сұрақтар қою арқылы олар цирк ішін кішкентайлардың сыңғырлаған күміс күлкісіне толтырды. Ішек-сілесі қатып әбден күліп алғаннан кейін, көрермендерді таңқаларлық шоу күтіп тұрды. Ханжолда өткен халықаралық иллюзиялық өнер фестивалінің алтын жүлдегері Ләззат Байтоқанованың қойылымы рәсіммен балаға да, үлкенге де таңсық дүние болды. Жарқ-жүрк еткен арудың қысқа ғана уақыттың аралығында көрерменнің көз алдында 8 көйлекті қалай ауыстырып үлгергенін түсіне алмай аң-таң болды.

Цветной бульвардағы Ю.Никулин циркі, Мәскеу халықаралық жастар цирк өнері фестиваль-байқауының және II Минск цирк өнері фестивалінің қола жүлдегерлері Әділет Тикановтың жетекшілігіндегі жаңа «Қос қытай матчасы» нөмірі, Равиль Сейдгариевтың жетекшілігіндегі «Даршылар», Қазақ мемлекеттік циркінің би-акробатикалық балет және басқа да жарқын цирк нөмірлері мен көңілді репризалар да қалың көпшіліктің ыстық қошеметін алды.

– Алматы циркінің шығармашылық ұжымы өз көрермендерімен бұл кездесуді көптен күтті, цирк артистері желіден тыс және офлайн-режимде талмай жұмыс жасады. Бір жарым жылдан бергі демалыс болған кезде де ешқандай артист қарап жатқан жоқ. Өйткені, цирк артисінің өмірі спорт сияқты. Күнде иіратылып, тартылған резеңкедей болып, самдағайлығы, күштілігі болмаса, ол өз формасын жоғалтып алады. Сондықтан артистердің барлығы бір жарым жылдың ішінде, қатаң карантин болған кезде үйлерінде дайындалды. Біз өз циркімізде алматылықтарды және оңтүстік астананың қонақтарын, цирк өнерінің барлық бағалаушыларын үлкен қуанышпен күтеміз. Көрермендерді бас айналатын трюктер, таңғажайып сиқыр, жануарлар, риясыз күлкі күтуде, – деді Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Бақыт Бөкебай.

Әртүрлі жанрдағы қойылымдар көптен сағынып келген балаларды да, ата-аналарды да бір сәтке зеріктірмеді. Қойылымның қызықты өтуіне атсалысып, бойындағы бар өнерін салған цирк әртістері алматылық көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Ақылды жануарлар, таң-тамаша қалдыратын трюктер, жарқын күлкі, таңғажайып өзгерулер және жағымды эмоциялар сияқты цирктің сиқырына келген өнерсүйер қауым риза болып қайтты. Қазақ мемлекеттік циркіндегі ерекше бағдарламамен дайындалған бұл қойылымдардың қызығын алматылық көрермендер 15 шілдеге дейін тамашалай алады.